

Ғұмарбек Дәукеев атындағы Алматы энергетика және байланыс университеті

ӘОЖ 007.52

Қолжазба құқығында

АЯЗБАЙ АБУ-АЛИМ ЕРИКУЛЫ

**МАШИНАЛЫҚ КӨЗДІ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, МАНИПУЛЯТОРДЫ
БАСҚАРУДЫҢ АВТОМАТТАНДЫРЫЛҒАН ЖҮЙЕСІН ЖАСАУ**

8D07104 – «Аспап жасау»

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекші:

PhD., қауымдастырылған профессор
Оразалиева Сандуғаш Құдайбергеновна

PhD., қауымдастырылған профессор
Серғазин (Балбаев) Ғани Құдайбергенұлы

Шет елдік ғылыми кеңесші:

PhD., профессор
Конрад Громашек
(Люблин, Польша)

Қазақстан Республикасы
Алматы – 2024

МАЗМҰНЫ

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР.....	4
ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ.....	5
КІРІСПЕ.....	6
1 МАНИПУЛЯТОРЛАРДЫҢ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ.....	9
1.1 Әлемдегі өнеркәсіптік роботтық манипуляторлар нарығының жағдайы.....	9
1.2 Қолданыстағы манипуляторлардың түрлері.....	11
1.2.1 Механикалық құрылымы бойынша жіктелуі.....	11
1.2.2 Қолдану аймағы бойынша жіктелуі.....	15
1.2.3 Басқару әдісі бойынша жіктелуі.....	17
1.3 Манипуляторлардың басқару жүйелері.....	18
1.3.1 Манипуляторлардың басқару жүйелерінің түрлері.....	19
1.3.2 Басқару стратегиялары.....	21
1.3.3 Датчиктер мен жетектер.....	23
1.4 Роботтық манипуляторларда қолданылатын траектория жоспарлау әдістері.....	24
1.4.1 Полиномды траектория.....	26
1.4.2 Сызықтық траектория.....	28
1.4.3 Параболалық траектория.....	29
1.4.4 Шеңбер қоспалы сызықтық траектория.....	31
1.4.5 Трапециялық траектория.....	33
1.5 Машиналық көру шешімдері.....	37
1.5.1 Машиналық көру негіздері.....	37
1.5.2 Машиналық көрумен қамтылған манипуляторлардың қолданылу салалары.....	39
1.5.3 Машиналық көру тапсырмасын шешуге арналған әзірлеу тақталары.....	44
1.6 Бірінші тараудың қорытындылары.....	53
2 МАНИПУЛЯТОРДЫ, ОНЫҢ КИНЕМАТИКАСЫН ЖӘНЕ ТРАЕКТОРИЯ ЖОСПАРЛАНУЫН МОДЕЛЬДЕУ.....	55
2.1 Манипулятор және оның кинематикасының шешімі.....	55
2.2 Трапециялық траектория жоспарлау әдісі.....	59
2.3 Манипулятордың 3D моделін жасап Matlab ортасына тасымалдау.....	59
2.3.1 Fusion 360 бағдарламасында манипулятор моделін жасау.....	60
2.3.2 Жасалған моделді Matlab бағдарламасына тасымалдау.....	61
2.4 Манипуляторды кинематика және траектория жоспарлау алгоритмдерімен Matlab ортасында модельдеу.....	62
2.4.1 Манипулятор қозғалысын модельдеу.....	64
2.4.2 Кинематикалық жұп кеңістігіндегі траектория.....	65
2.4.3 Тапсырма кеңістігіндегі траектория.....	66

2.5 Екінші тараудың қорытындылары.....	68
3 МАНИПУЛЯТОРДЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖАСАУ...	70
3.1 Манипуляторды жасау.....	71
3.2 Басқару жүйесінің аппаратты бөлігі.....	72
3.3 Басқару жүйесінің алгоритмі.....	76
3.3.1 Кинематикалық жұп кеңістігіндегі траектория алгоритмі.....	76
3.3.2 Тапсырма кеңістігіндегі траектория алгоритмі.....	77
3.4 Машиналық көру тақшасын оқыту.....	78
3.5 Үшінші тараудың қорытындылары.....	83
4 ТӘЖІРИБЕЛЕР МЕН НӘТИЖЕЛЕР.....	84
4.1 Траектория жоспарлау және кинематика алгоритмдерін тәжірибе жүзінде тексеру.....	84
4.1.1 Тәжірибелеу алгоритмі.....	84
4.1.2 Кинематикалық жұп кеңістігіндегі траектория.....	85
4.1.3 Тапсырма кеңістігіндегі траектория.....	87
4.1.4 Пайдалы жүктемемен жүргізілен тәжірибе.....	88
4.1.5 Траектория жоспарлаудың гибридті әдісі.....	91
4.1.7 Манипулятордың жұмыс кеңістігін анықтау.....	93
4.2 Нәтижелерді талқылау және нарықтағы шешімдермен салыстыру.....	94
4.3 Төртінші тараудың қорытындылары.....	96
ҚОРЫТЫНДЫ.....	97
ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	99
ҚОСЫМША А – Есептеулер мен өлшемдер.....	108

НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Диссертациялық жұмыста келесі стандарттарға сәйкес сілтемелер қолданылған:

ҚР СТ 34.015-2002 – «Ақпараттық технологиялар. Автоматтандырылған жүйелерге арналған стандарттар жинағы. Автоматтандырылған жүйені құруға техникалық тапсырма»

МЕСТ 19.402-78 – «Бағдарламаның сипаттамасы. Мазмұны мен дизайнына қойылатын талаптар»

ҚР СТ МЕСТ Р 51264-2010 - «Электронды байланыс, информатика және сигнал беру құрылғылары. Жалпы техникалық шарттар»

МЕСТ 6.38.90 – «Құжаттаманың сәйкестендірілген жүйелері. Ұйымдастырушылық-жарлықтық құжаттама жүйесі. Құжаттарды рәсімдеуге қойылатын талаптар»

МЕСТ 7.32.2001 – «Ақпарат, кітапхана және баспа істері жөніндегі стандарттар жүйесі. Ғылыми зерттеу жұмысы жөніндегі есеп. Рәсімдеу құрылымы мен ережелері»

МЕСТ 8.417-81 – «Мемлекеттік өлшемдер біртұтатстығын қамтамасыз ету жүйесі. Физикалық шамалардың бірліктері»

ҚЫСҚАРТУЛАР ТІЗІМІ

IFR – International federation of robotics
SCARA – Selective compliance assembly robot arm
CNC – Computer numerical control
PID – Proportional – Integral – Derivative
LQR – Linear quadratic regulator
MPC – Model predictive control
PWM – Pulse width modulation
DTC – Direct torque control
DOF – Degrees of freedom
CMOS – Complementary metal–oxide–semiconductor
CCD – Charge-coupled device
GPU – Graphics processing unit
ASIC – Application-specific integrated circuit
БЛИС – Бағдарламанатын логикалық интегралды сұлба
ARM – Advanced RISC machine
GPIO – General-purpose input/output
IoT – Internet of things
RISC – Reduced instruction set computer
UART – Universal asynchronous receiver/transmitter
SPI – Serial peripheral interface
I2C – Inter-integrated circuit
CAD – Computer aided design
PPM – Pick per minute

КІРІСПЕ

Жұмыстың өзектілігі. Қазіргі заманғы технологиялардың жедел дамуымен бірге, автоматтандырылған жүйелер мен робототехниканың маңызы артуда. Машиналық көзді қолдана отырып, манипуляторларды басқаруды автоматтандыру – бұл өнеркәсіптік өндірістен бастап, медицина және қауіпсіздік салаларына дейінгі қолдану аясын кеңейтетін маңызды зерттеу бағыты.

Осындай жағдайда, арзан, әмбебап және қолжетімді робототехникалық шешімдердің әзірленуі өте маңызды. Бұл диссертацияда дельта робот платформасының жасалуы осы бағыттағы прогрестің көрінісі болып табылады. Роботтың элементтерінің аддитивті технологиялар арқылы басылуы және құны төмен электроникалық компоненттердің қолданылуы, кішігірім өндірістік және зерттеу орталары үшін қолжетімді және тиімді шешімдерді ұсынады. Бұл роботтың кинематикасы мен траектория жобалау алгоритмдерінің құны төмен микроконтроллерлерде істей алатындай етіп жасалуы, оның қолдану аясын кеңейтеді. Осылайша, бұл жұмыс кішігірім өндірістік процестерді автоматтандыруда және ғылыми-зерттеу жұмыстарында қолданылатын эксперименттік лабораториялық стендтерді құруда үлкен әлеуетке ие. Бұл диссертацияның өзектілігі жаңа технологиялардың қолжетімділігін арттыру және кішігірім және орта бизнес секторларындағы инновациялық өсімді ынталандыруда жатыр.

Сондай-ақ, бұл зерттеу болашақтағы автоматтандырылған жүйелердің дамуына жаңа бағыттар ашады, әсіресе күрделі деректерді өңдеуде және машиналық көрудің ақпаратты талдау қабілетін арттыруда. Бұл тақырыптың өзектілігі сонымен қатар, жасанды интеллект және робототехника салаларындағы зерттеулердің кең ауқымына байланысты, қазіргі таңдағы инновациялық технологиялардың дамуында маңызды рөл атқарады.

Жұмыстың мақсаты. сұрыптау тапсырмасына арналған арзан манипулятор платформасын және оның машиналық көзбен қамтылған автоматтандырылған басқару жүйесін жасау.

Зерттеу міндеттері.

1. Заманауи манипуляторларға, олардың басқару жүйелеріне, машиналық көз платформаларына және траектория жоспарлау тәсілдеріне шолу жасау.
2. Таңдалған манипуляторды кинематика және траектория жоспарлаумен модельдеу.
3. Басқару жүйесінің компоненттерін таңдау және кинематика мен траектория жоспарлау алгоритмдерін микроконтроллерде жүзеге асыру, машиналық көру тақшасын оқыту.
4. Жасалған жүйемен тәжірибелер жасап, нәтижелерін модельмен салыстырып жетілдіру.
5. Манипулятордың сипаттамасын және құнын нарықтағы шешімдермен салыстыру.

Зерттеу нысаны. Зерттеу нысаны электроникалық басқару жүйесі, сондай-ақ кинематикалық және траекториялық алгоритмдері болып табылады.

Зерттеу пәні. құны төмен машиналық көзбен қамтылған манипулятор платформасы, кинематикалық модельдеу, траекториялық басқару алгоритмдерінің әзірленуі және арзан микроконтроллерлердегі іске асыру әдістемелері.

Зерттеу әдістері. Зерттеу барысында қолданылған әдістер:

1. Әдеби шолу: Қазіргі заманғы робототехникалық жүйелер, кинематика, басқару алгоритмдері және микроконтроллерлерді қолдану бойынша бар зерттеулерді, жарияланымдарды зерттелді.

2. Компьютерлік модельдеу және симуляция: Манипулятордың кинематикасын және траектория жоспарлау тәсілдерін зерттеу үшін компьютерлік модельдеу құралдары және симуляция бағдарламалары қолданылды: Matlab Simulink, Matlab Simscape Multibody, Solidworks, Python Matplotlib, Python SciPy.Signal, Solidworks, Fusion 360.

3. Прототиптеу: 3D-басып шығару технологиясын қолданып, манипулятордың физикалық моделі жасалды.

4. Бағдарламалық жасақтама: Роботтың басқару алгоритмдері жасалды және олар микроконтроллерлерде іске асырылды.

5. Эксперименттік сынақтар: Құрастырылған манипулятордың жұмыс істеу қабілеттілігін бағалау үшін эксперименттік сынақтар жүргізілді.

Ғылыми жаңалығы:

Жұмыста манипулятордың машиналық көзбен біріктірілген басқару жүйесін жүзеге асыруда жаңа программалық және аппараттық шешімдер ұсынылған.

Жұмыста манипулятордың қозғалысының траекториясын жоспарлаудың жаңа гибридті әдісі жасалды. Гибридті әдіс бір «алып-қою» операциясының ішінде тапсырма және кинематикалық жұп кеңістіктерінің екеуінде де траектория жоспарлау арқылы дәлдік пен тиімділікті арттыруға мүмкіндік береді.

Практикалық маңыздылығы мен нәтижелері:

Зерттеудің практикалық маңыздылығы манипулятордың басқару жүйесіне машиналық көздің интеграциялануы арқылы ашылады, бұл әдіс ғылыми зертханаларда зерттеулер және тәжірибелер жүргізуге, сондай-ақ кішігірім өндірістік кәсіпорындарда әртүрлі сұрыптау және жинақтау операцияларын автоматтандыруды жүзеге асыруға мүмкіндік береді.

Қорғауға ұсынылатын тұжырымдар:

1. Манипулятор, оның кинематикасының және траектория жоспарлау әдісінің моделі.

2. Манипулятордың басқару жүйесінің сұлбасы, алгоритмі және машиналық көрудің оқытылған объект анықтау моделі.

3. Манипулятор және оның басқару жүйесінің прототипі.

4. Манипулятордың тәжірибе жүзіндегі верификациясы.

Зерттеу нәтижелерін апробациялау. Жұмыстың негізгі нәтижелері 1 халықаралық ғылыми-техникалық конференцияда талқыланды:

«IEEE International Symposium on Multiple-Valued Logic. Online ACESYRI workshop – 2021» (May 25-27, Online).

Жұмыстың жарияланымдары, докторанттың жарияланымдарға қосқан үлесі және сыналуы.

Жұмыстың негізгі тұжырымдары 4 жарияланымда ұсынылған, соның ішінде SCOPUS деректер қорына кіретін журналда 1 мақала (перцентиль 36%), ҚР ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті (ҒЖБССҚК) ұсынған басылымдарда 3 мақала.

Докторант барлық жарияланымдарда зерттеу тұжырымдамасын әзірлеу, әдістемені құрастыру, деректерді жинау және талдау, нәтижелерді визуализациялау, мақалалардың негізгі мәтіндерін жазу және олардың ғылыми негіздемесін қамтамасыз ету бойынша негізгі үлес қосты. Сонымен қатар, докторант жұмыстарда бағдарламалық жасақтаманы әзірлеу, модельдеу және эксперименттер жүргізу сияқты маңызды техникалық және аналитикалық міндеттерді орындады.

Жұмыстың құрылымы және көлемі. Жұмыс кіріспеден, төрт тараудан, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және 1 қосымшадан тұрады. Жұмыстың жалпы көлемі 108 бетті құрайды, жұмыста 80 сурет, 6 кесте, 1 қосымша және 117 атаудан тұратын әдібиеттер тізімі бар.


1 МАНИПУЛЯТОРЛАРДЫҢ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ БАСҚАРУ ЖҮЙЕЛЕРІНІҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

1.1 Әлемдегі өнеркәсіптік роботтық манипуляторлар нарығының жағдайы

Өнеркәсіптік робототехника көптеген салаларда кеңінен қолданылады [1-8]. Заманауи манипуляторлардың пайда болуы өнеркәсіптік автоматтандыру, робототехника салаларын, сондай-ақ денсаулық сақтау, ауыл шаруашылығы және қызмет көрсету секілді секторларды түбегейлі өзгертті. Бұл күрделі машиналар, робот қолдары деп те аталады, олар дәлдік, күш және икемділікті талап ететін кең ауқымды тапсырмаларды орындауға арналған. Адам жұмысшылары үшін манипуляторлар сияқты жұмысты бірдей тиімділік пен қауіпсіздікпен қайталау қиын немесе мүмкін емес. Бүгінгі күні глобализация, технологияның және экономиканың күшеюінің арқасында, көптеген өндірістік компаниялар мен өндірушілер жаппай өндіріспен тұтынушылардың әртүрлі күрделі талаптарын қамтамасыз ету үшін үнемі қысымға ұшырайды. Бұл жұмысшыларға зор жұмыс қысымын тудырады және қалаған өнімділікке жету кедергісі болды. Сондықтан, өндіруші жиі төмендегідей кедергілерге тап болады:


- өнімді жұмысшылар қолмен жылжыту үшін тым ауыр;
- бір затты өте дәл орналастыру жұмысшы үшін ыңғайсыз немесе жылдам қолжетімді емес;
- жұмысшы өнімді қолмен жылжытқанда қауіп төнеді;
- өндірістегі жұмысты бүкіл өнім желісін бұзбай тиімді атқару қиын.

Өнеркәсіптік робот қондырғыларының үлкен көлемінің арқасында әлем 2022 жылы 3,9 миллион өнеркәсіптік роботтың жаңа рекордын орнатты. Роботтардың тығыздығымен өлшенетін ең автоматтандырылған елдер: Корея Республикасы (10 000 қызметкерге шаққанда 1012 робот), Сингапур (730 робот) және Германия (415 робот). БҰЛ IFR ұсынған World Robotics 2023 есебіне сәйкес [9].



Сурет 1.1 – Өнеркәсіптік роботтардың мемлекеттер бойынша тығыздығы [9]

Азияда роботтардың тығыздығы өңдеу өнеркәсібіндегі 10 000 қызметкерге шаққанда 168 бірлікті құрайды. Жаһандық ауқымда Корея, Сингапур, Жапония, Матеріктік Қытай, Гонконг және Қытай Тайбэй елдерінің экономикалары ең автоматтандырылған елдердің ондығына кіреді. Еуропалық Одақта роботтардың тығыздығы 10 000 қызметкерге шаққанда 208 бірлікті құрайды, Германия, Швеция және Швейцария әлемдегі алғашқы ондыққа кіреді. Солтүстік Америкадағы роботтардың тығыздығы 10 000 қызметкерге шаққанда 188 бірлікті құрайды. Америка Құрама Штаттары өңдеу өнеркәсібіндегі ең автоматтандырылған елдердің ондығына кіреді.



Сурет 1.2 – Өнеркәсіптік роботтардың орташа әлемдік тығыздығы [9]

Корея Республикасы өнеркәсіптік роботтарды әлемде бірінші болып енгізуде. 2017 жылдан бастап роботтардың тығыздығы жыл сайын орта есеппен 6%-ға өсті. Корея экономикасы екі ірі тұтынушыдан – электроника өнеркәсібінен және автомобиль өнеркәсібінен пайда көреді.

Одан кейін Сингапур 10 000 қызметкерге шаққанда 730 роботпен келеді. Сингапур – өңдеу өнеркәсібінде жұмыс істейтіндер саны өте аз шағын мемлекет.

Германия (10 000 қызметкерге шаққанда 415 робот) үшінші орында. Еуропаның ең ірі экономикасындағы роботтардың тығыздығы 2017 жылдан бері орта есеппен 5%-ға өсті.

Жапония төртінші орында (397 бірлік). Роботтар шығаратын әлемде басым елдердің роботтарының тығыздығы жыл сайын орта есеппен 7%-ға өсті (2017-2022 жж.).

Қытай 2021 жылы бесінші орынға көтеріліп, 2022 жылы осы позициясын сақтап қалды. Ауылдық жерлерде автоматтандыру технологияларына салынған ауқымды инвестициялар өңдеу өнеркәсібінде шамамен 38 миллион адам жұмыс істейтін үлкен жұмыс күшіне қарамастан, 10 000 қызметкерге шаққанда 392 роботтың жоғары тығыздығын қамтамасыз етеді.

Америка құрама штаттарындағы роботтардың тығыздығы 2021 жылы 274 бірліктен 2022 жылы 285 бірлікке дейін өсті. Бұл ел әлемде оныншы орында [9].

1.2 Қолданыстағы манипуляторлардың түрлері

Манипуляторлардың мүмкіндіктері кеңейген сайын, олардың әртүрлілігін, қабілеттерін және ең жақсы қолдану жағдайларын түсіну үшін жүйелі жіктеудің қажеттілігі де артты. Бұл бөлімде заманауи манипуляторлардың жіктелуі сипатталады, робототехника және өнеркәсіптік автоматтандыру кең ауқымындағы маңызы мен мақсаттарын баяндайды.

Заманауи манипуляторлар – бұл кез-келген тапсырманы шешетін құрал емес, олар нақты тапсырмалар мен жағдайларды ескере отырып жасалған. Олардың жіктелуі инженерлерден, зерттеушілерден бастап өнеркәсіп саласындағы жұмысшыларға дейін қолжетімді нұсқалардың түрлерін түсінуге көмектеседі. Бұл, өз кезегінде, белгілі бір тапсырма үшін дұрыс түрдегі манипуляторды таңдау процесін жеңілдетіп, операциялық тиімділікті арттыруға және жобалау мен қолдану жаңалықтарын ынталандыруға көмектеседі. Манипуляторлардың жіктелуі механикалық құрылым, басқару әдісі, қолдану аймағы және автономия дәрежесі сияқты әртүрлі критерийлерге негізделген. Әрбір критерий заманауи манипуляторлардың көпқырлы сипатын және олардың әртүрлі өнеркәсіптердегі жұмыс процестеріндегі тиімділігін көрсетеді.


Заманауи манипуляторларды жіктеудің маңыздылығы жай ғана санаттаудан асып түседі. Бұл робототехника технологиясының дамуын және оның заманауи өнеркәсіп пен одан тыс жерлердегі интеграциясын көрсетеді. Бұл манипуляторлардың жіктелуін түсіну арқылы инженерлер мен ғалымдар өз операцияларының қажеттіліктерін жақсы болжай алады, әртүрлі түрдегі роботтардың күштерін пайдалана алады және автоматтандыру мен робототехникада не мүмкін екенінің шекарасын кеңейте алады. Сонымен қатар, бұл жіктеу саладағы болашақ зерттеулер мен дамыту үшін негіз қалайды, зерттеу және дамыту жұмыстарын көбірек алға жылжытуға, қолданыстағы манипулятивті құрылғылардың жетілдірілуіне бағыттайды.

1.2.1 Манипуляторлардың механикалық құрылымы

Заманауи манипуляторлардың механикалық құрылымы олардың операциялық мүмкіндіктерін, қозғалыс ауқымын және қолдануға лайықтылығын анықтайтын негізгі аспект болып табылады. Бұл құрылым манипулятордың ортамен әрекеттесуін айқындайтын буындардың орналасуы мен түрі, еркіндік дәрежелерінің саны және жалпы дизайны арқылы анықталады. Технологияның дамуымен манипуляторлардың механикалық құрылымдары күрделене түсіп, көптеген қосымшаларға арналған кең ауқымды мүмкіндіктер мен жоғары дәлдікті мүмкін етеді. Міне, заманауи манипуляторлардың механикалық құрылымы туралы кеңейтілген талқылау, олардың әртүрлілігін және технологиялық күрделілігін атап өтумен.

Артикуляцияланған манипуляторлар.

Артикуляцияланған манипуляторлар (сурет 1.3) өздерінің қолға ұқсас құрылымымен ерекшеленеді, бұл құрылым кең қозғалыс ауқымын қамтамасыз ететін бірнеше айналмалы буындардан тұрады.




Сурет 1.3 – Артикуляцияланған манипулятор [10]

Адам қолына ұқсас, бүгілу және созылуға мүмкіндік беретін айналмалы буындардың үйлесімімен, бұл манипуляторлар алты немесе одан да көп еркіндік дәрежесіне ие бола алады, бұл оларды кедергілерді айналып өтуге және күрделі тапсырмаларды жоғары икемділікпен орындауға мүмкіндік береді. Артикуляцияланған манипуляторлардың көпжақтылығы оларды жинақтау операциялары, дәнекерлеу және бояу сияқты жоғары еркіндік дәрежесін талап ететін қосымшалар үшін идеалды етеді [11-15].

SCARA роботтары.

SCARA (Selective Compliance Assembly Robot Arm) роботтары (сурет 1.4) горизонталь жазықтықта жоғары жылдамдықта, жоғары дәлдіктегі тапсырмалар үшін жобаланған.



Сурет 1.4 – SCARA роботы [16]

Олардың ерекше механикалық құрылымы қолдың вертикаль осінде таңдамалы икемділікті, бірақ горизонталь осінде қаттылықты қамтамасыз етеді, бұл оларды алып-қою (pick-and-place) тапсырмалары, палеттеу операциялары және вертикаль қаттылық маңызды емес жерлерде дәл жұмыс істеу үшін өте қолайлы етеді [17, 18]. SCARA роботтары әдетте параллель буындық жазықтық орналасуымен сипатталады, бұл олардың компактты өлшемі мен жоғары жылдамдықты операциясына үлес қосады.

Картезиан координатты роботтары.

Картезиан роботтары (сурет 1.5), сондай-ақ гантри роботтары деп те аталады, бір-біріне перпендикуляр үш сызықтық ось (X, Y және Z) бойымен жұмыс істейді.



Сурет 1.5 – Картезиан координатты роботы [19]

Бұл механикалық құрылым үш өлшемді кеңістікте түзу сызықтар бойымен дәл орналастыру және қозғалысқа мүмкіндік береді. Картезиан құрылымы бірқатар артықшылықтар ұсынады, өйткені ол артикуляцияланған қол құрылымынан қаттырақ және кинематикалық жағынан қарапайым [19]. Картезиан роботтары объектілердің орналасуы мен қозғалысын дәл басқаруды талап ететін қосымшаларда, мысалы, CNC машиналарында, 3D басып шығаруда және автоматтандырылған тексеру жүйелерінде кеңінен қолданылады [20-23].

Параллель роботтар (дельта роботтары).

Параллель роботтар (сурет 1.6), жиі дельта роботтары деп аталады, қозғалтқыш платформаны әртүрлі бағыттарда қозғалту үшін бірнеше қолдармен байланысқан базадан тұрады.




Сурет 1.6 – Дельта роботы [24]

Бұл құрылым өте жоғары жылдамдықтағы қозғалыстар мен жоғары дәлдікті мүмкін етеді, бұл дельта роботтарын жылдамдық пен дәлдік маңызды болған өнеркәсіптерде алып-қою (pick-and-place), мысалы, қаптама, сұрыптау және жинақтау тапсырмалары үшін идеалды етеді [24-27]. Дельта роботтарының компактты және жеңіл дизайны оларды кеңістік тиімділігі маңызды болған қосымшалар үшін қолайлы етеді.

Цилиндрлік және сфералық роботтар.


Цилиндрлік роботтар (сурет 1.7) цилиндрлік координатты жүйе арқылы жұмыс істейді, база мен вертикаль ось бойымен айналу және тікелей қозғалысты қамтиды.



Сурет 1.7 – Цилиндрлік робот [28]

Бұл дизайн материалды ұстау, қарапайым жинақтау және машиналарды жүктеу/түсіру операциялары сияқты цилиндрлік кеңістікте қозғалыс талап етілетін тапсырмалар үшін қарапайым және берік шешім ұсынады [29].

Сфералық роботтар, немесе поляр роботтар, сфералық жұмыс аймағына мүмкіндік беретін айналмалы және тікелей буындардың үйлесімімен жұмыс істейді.



Сурет 1.8 – Сфералық робот [30]

Бұл оларға сфералық аймақта айналу, созылу және бұрылу мүмкіндігін береді, бұл дәнекерлеу және құю операциялары сияқты үш өлшемді кеңістіктегі нүктелерге қол жеткізуді талап ететін қосымшалар үшін икемділікті қамтамасыз етеді.

1.2.2 Қолдану аймағы бойынша жіктелуі

Заманауи манипуляторлардың қолдану аймағы әртүрлі салаларға жайылып, олардың жан-жақтылығын және өнімділікті, дәлдікті және қауіпсіздікті арттырудағы маңызды рөлін көрсетеді. Технология дамыған сайын, бұл роботтық жүйелер кең ауқымды өнеркәсіптерге барған сайын көп интеграцияланып, қайталанатын тапсырмалардан бастап күрделі дәлдікті талап ететін жұмыстарға дейінгі тапсырмаларды орындайды. Төменде берілген

заманауи манипуляторлардың қолдану аймақтары туралы кеңейтілген талқылау олардың кең қолданысын көрсетеді.

Өндіріс. Өндіріс саласында манипуляторлар өндірістік желілерді автоматтандыруда алмастырылмайтын болып табылады, сапаны және жылдамдықты қамтамасыз етеді. Олар жинақтау [31], дәнекерлеу [32], бояу [33] және қаптау [34] жұмыстарында қолданылады. Жоғары дәлдік пен икемділікке ие күрделі манипуляторлар ұсақ компоненттерді мұқият ұстау қажет ететін электроника өндірісінде қолданылады [35].

Денсаулық сақтау. Денсаулық сақтау саласы манипуляторлардың дәлдігі мен тұрақтылығынан үлкен пайда көреді. Олар хирургиялық роботтарда қолданылады [36], минималды инвазивті оталарда дәлдік пен басқаруды арттырады. Сонымен қатар, манипуляторлар зертханаларда автоматты тестілеу және сезімтал материалдарды ұстауда қолданылады, қауіпсіздік пен тиімділікті арттырады [37].

Ауыл шаруашылығы. Ауыл шаруашылығында манипуляторлармен жабдықталған мобилді роботтар дәнді дақылдарды егу [38] және жинауды [39] автоматтандыруға үлес қосады. Бұған қоса, арамшөпті жою үшін де мобилді роботтар қолданылады [40, 41], тиімді ресурс пайдалануды және жоғары өнімділікті мүмкін етеді.

Қызмет көрсету өнеркәсібі. Қызмет көрсету саласында манипуляторлар мейрамханалардағы тамақ дайындаудан бастап [42] қоймалардағы инвентаризацияны басқаруға [43] дейін әртүрлі рөлдерде қолданылады. Тазалау жұмыстарында да [44] олардың қолданылуы артып келеді, олардың әртүрлі орталарға бейімделгіштігін көрсетеді.

Логистика және көлік. Логистика және көлік саласында манипуляторлар тауарларды сұрыптау мен орау [45], жүк тиеу және түсіру [46], тіпті көлік құралдарын жинақтауда көмек көрсетуде маңызды рөл атқарады. Олардың ауыр жүктерді көтеру және қайталанатын тапсырмаларды тиімді орындау қабілеті бұл секторда оларды бағалы етеді.

Зерттеу және даму. Зерттеу және даму саласында манипуляторлар жоғары дәлдік пен сенімділікпен эксперименттер жүргізуде маңызды. Олар материалды сынауда, жаңа өндіріс процестерін әзірлеуде және ғарыш [47-49] зерттеулерінде қолданылады, олардың экстремалды жағдайларда жұмыс істеу қабілеті үлкен артықшылық болып табылады.

Құрылыс және бұзу. Құрылыс саласы кірпіш қалау [50,51], бетон құю [52] және бұзу [53] сияқты тапсырмаларда манипуляторларды қолдануды бастап келеді. Бұл роботтар қауіпті жағдайларда жұмыс істеу мүмкіндігін ұсынады, адам жұмысшыларына төнетін қауіпті азайтып, тиімділікті арттырады.

Ойын-сауық және өнер. Манипуляторлар ойын-сауық пен өнер салаларына да еніп келеді, олар кино және тақырыптық парктер үшін аниматроникада және күрделі өнер туындыларын жасауда қолданылады. Олардың дәлдігі және қимылдарды дәл қайталау қабілеті осы қосымшалар үшін оларды идеалды етеді.

Білім беру. Білім беру мекемелері манипуляторларды робототехника және инженерия курстарында оқыту құралдары ретінде қолданады [54], бұл

студенттерге заманауи технологиямен тікелей тәжірибе алуға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, олар академиялық зерттеу және даму жобалары үшін платформалар ретінде қызмет етеді.

Заманауи манипуляторлардың қолдану аймақтары робототехника технологиясындағы инновациялар жаңа мүмкіндіктер ашқан сайын кеңейе түсуде. Олардың әртүрлі секторларға интеграциялануы тек операциялық тиімділікті жақсартып қана қоймай, сонымен қатар жетуге болатын шекараларды кеңейтеді, болашақтағы жетістіктер мен жаңа қолдануларға жол ашады.

1.2.3 Басқару әдісі бойынша жіктелуі

Заманауи манипуляторлардың басқару әдісі олардың функционалдығын, тиімділігін және әртүрлі тапсырмалар мен орталарға бейімделу қабілетін анықтайтын маңызды рөл атқарады. Робототехника саласы дамыған сайын, басқару жүйелерінің күрделілігі бұл робот қолдарының мүмкіндіктерін арттырады, оларға жоғары дәлдік пен автономиямен күрделі тапсырмаларды орындауға мүмкіндік береді. Төменде заманауи манипуляторларда қолданылатын басқару әдістері туралы кеңейтілген талқылау берілген.

Қолмен басқару. Қолмен басқару манипуляторды тікелей адам араласуымен жұмыс істетуді қамтиды [55,56]. Бұл әдіс адамның шешім қабылдауы мен икемділігін талап ететін тапсырмаларда, мысалы, сезімтал кері байланыс пен күтпеген өзгерістерге бейімделу маңызды болған күрделі жинақтау операциясында робот қолын басқаруда жиі қолданылады. Қолмен басқару жүйелері жойстиктерді, тұтқаларды немесе тіпті операторға тактильді кері байланыс ұсынатын күрделі гаптикалық құрылғыларды қамтуы мүмкін, адам мен машина арасындағы өзара әрекеттесуді жақсартады.

Автоматты басқару. Автоматты басқару манипуляторлардың үздіксіз адам енгізуінсіз алдын ала анықталған тапсырмаларды автономиялы түрде орындауына мүмкіндік береді [57,58]. Бұл басқару әдісі манипулятордың қозғалыстарын басқаратын алдын ала бағдарламаланған нұсқаулар мен жолдарға сүйенеді. Автоматты басқару қайталанатын тапсырмалар үшін идеал, мұнда үнемділік пен жылдамдық маңызды, мысалы, өндірістік желілерде манипуляторлар дәлдік пен аз өзгерістермен бірдей әрекеттер сериясын жоғары дәлдікпен орындайды.

Бейімделгіш басқару. Бейімделгіш басқару жүйелері манипуляторларға сенсорлық кері байланысқа негізделген шын мәнінде операцияларын реттеуге мүмкіндік береді [59,60]. Бұл динамикалық реттеу роботты ортадағы немесе олармен әрекеттесетін заттардағы өзгерістерге бейімделуге мүмкіндік береді, оның болжанбайтын немесе өзгеріп тұратын жағдайларда тапсырмаларды орындау қабілетін арттырады. Бейімделгіш басқару әсіресе роботтық хирургия сияқты қосымшаларда пайдалы, мұнда манипулятор әрбір науқастың ерекше анатомиясына бейімделуі тиіс немесе әртүрлі пішіндер мен өлшемдердегі заттарды өңдеуде материалды ұстауда.


Ақылды басқару. Ақылды басқару жасанды интеллект (AI) және машина оқытуы (ML) алгоритмдерін қамтып, манипуляторларға өз тәжірибелерінен үйренуге, шешімдер қабылдауға және адам араласуының минималды деңгейімен жаңа тапсырмаларға бейімделуге мүмкіндік береді [61]. Бұл басқару әдісі сенсорлардан, өткен операциялардан және сыртқы дерекқорлардан алынған деректерді пайдаланып, өнімділікті оптимизациялау және күрделі проблемаларды шешу сценарийлерін өңдеуге мүмкіндік береді. Ақылды басқару жүйелері робототехниканың алдыңғы шебінде тұр, манипуляторлардың жете алатын шектерін кеңейтіп, ұйымсыз орталар арқылы жол табу немесе адам қабілетіне бәсекелесе алатын дәрежеде нәзік және күрделі тапсырмаларды орындау сияқты істерді жүзеге асырады.

Гибридтік басқару. Гибридтік басқару қолмен, автоматты, бейімделгіш және ақылды басқару әдістерінің элементтерін біріктіреді [62], әрқайсысының артықшылықтарын пайдаланады. Бұл тәсіл манипуляторларға жоғары дәрежеде икемділік пен ақылдылықпен жұмыс істеуге, тапсырма талаптары мен орта жағдайларына байланысты өз мінез-құлқын бейімдеуге мүмкіндік береді. Гибридтік жүйелер күрделі тапсырмалар автоматты басқарудың дәлдігі мен ақылды басқарудың бейімделгіштігін талап ететін жағдайларда қолданылуы мүмкін, кең ауқымды қосымшаларға бейімделетін көпжақты шешімді ұсынады.

Заманауи манипуляторлардың басқару әдістеріндегі даму робототехника технологиясының жылдам дамуына куә болып отыр. Күрделі басқару жүйелерін интеграциялау арқылы, заманауи манипуляторлар әртүрлі өнеркәсіптерде әртүрлі тапсырмаларды орындауда қабілетті, көпжақты және автономды болып келеді. Бұл прогресс роботтық жүйелердің тиімділігі мен әсерлілігін арттырып қана қоймай, сонымен қатар олардың қолдану мүмкіндіктерін кеңейтеді, оларды автоматтандыру мен технологияның болашағында ажырамас бөлігі етеді.

1.3 Манипуляторлардың басқару жүйелері

Манипуляторды басқару жүйесі – манипулятордың қозғалысын басқаратын жүйе, ол белгілі бір жолмен қозғалуға бағдарламаланатын робот түрі болып табылады. Басқару жүйесі 1.9-суретте көрсетілгендей сенсорлардың (мысалы, позиция немесе күш датчиктерінің) кірісіне негізделген манипулятордың буындарын жылжытатын жетектерге (мысалы, қозғалтқыштар немесе пневматикалық цилиндрлер) басқару сигналдарын жіберуге жауапты.




Сурет 1.9 – Манипулятор жүйесінің жалпы құрылымы [63]

Әр түрлі салалардағы манипуляторларды басқару жүйелерінің маңыздылығын асыра бағалау мүмкін емес. Олардың робототехника, өнеркәсіптік автоматтандыру, медициналық және хирургиялық робототехника сияқты салаларда кең ауқымды қолданбалары бар. Робототехника саласында манипуляторларды басқару жүйелері өндіріс және құрастыру жұмыстарында роботты қолдардың қозғалысын басқару үшін қолданылады. Өнеркәсіптік автоматтандыруда олар дәнекерлеу, бояу және материалды өңдеу сияқты процестерде машиналар мен жабдықтардың қозғалысын басқару үшін қолданылады. Медицина саласында хирургиялық роботтардың қозғалысын бақылау үшін манипуляторларды басқару жүйелері қолданылады, олар минималды инвазивтілікпен дәл және нәзік процедураларды орындай алады. Бұл шолу манипуляторларды басқару жүйелерінің әртүрлі түрлерін, басқару стратегияларын, сенсорлар мен жетектерді, қолданбаларды, қиындықтарды және болашақ бағыттарды қамтиды. Біз сондай-ақ манипуляторларды басқару жүйелерін зерттеудегі соңғы әзірлемелер мен болашақ бағыттарды, сондай-ақ болашақ зерттеулер мен әзірлемелердің салдарын талқылаймыз. Бұл манипуляторларды басқару жүйелерінің қазіргі жағдайы мен өрістің бағыты туралы жан-жақты түсінік береді.

1.3.1 Манипуляторлардың басқару жүйелерінің түрлері


Манипуляторлардың басқару жүйелеріндегі басқару стратегиялары манипулятор роботының қозғалысы мен мінез-құлқын бақылау үшін қолданылатын әдістер мен әдістерге сілтеме жасайды. Олар манипулятор жұмысының дәлдігі мен тиімділігін анықтауда шешуші рөл атқарады. Манипуляторларды басқару жүйелерінің үш негізгі түрі бар [63]: ашық контурлы [64], тұйық контурлы [65] және гибриді [66] басқару жүйелері. Ашық контурлы жүйелер басқару пәрмендерін реттеу үшін сенсорлардың кері байланысын пайдаланбайды, ал тұйық контурлы жүйелер пайдаланады. Гибриді жүйелер екеуінің комбинациясын пайдаланады.

Ашық контурлы басқару жүйелері (сурет 1.10), сондай-ақ кері байланыссыз басқару жүйелері ретінде белгілі, жетектерге жіберілген басқару сигналдарын реттеу үшін сенсорлардың сигналдары пайдаланылмайды. Оның орнына олар манипуляторды жылжыту үшін алдын ала анықталған немесе алдын ала бағдарламаланған басқару сигналдарына сүйенеді. Бұл жүйелер қарапайым және арзан, бірақ жүйенің динамикасындағы өзгерістерге немесе сыртқы шуылдарға онша төзімді емес. Олар әдетте жүйенің динамикасы белгілі және қоршаған орта жоғары бақыланатын қарапайым қолданбаларда қолданылады.




Сурет 1.10 – Жұмсақ роботты манипулятордың ашық контурлы контроллерінің құрылымы [64]

Тұйық контурлы басқару жүйелері (сурет 1.11), сондай-ақ кері байланысты басқару жүйелері ретінде белгілі, жетектерге жіберілген басқару сигналдарын реттеу үшін сенсорлардың кері байланысы пайдаланылады. Басқару жүйесі жүйенің нақты орнын немесе басқа көрсеткіштерін қажетті орнымен немесе көрсеткіштерімен салыстырады және басқару сигналдарын реттеу үшін қатені (көрсеткіштердің айырымын) пайдаланады. Бұл жүйеге жүйенің динамикасындағы өзгерістерге немесе сыртқы әсерлерге жауап беруге мүмкіндік береді, бұл оны сенімдірек және дәлірек етеді. Дегенмен, тұйық контурлы басқару жүйелері ашық контурлы жүйелерге қарағанда күрделірек және жүйенің динамикасы жақсы белгілі емес немесе қоршаған орта бақыланбайтын қолданбаларда қолданылады.



Сурет 1.11 – Манипулятордың тұйық контурлы контроллерінің құрылымы [65]

Гибридті басқару жүйелері (сурет 1.12) ашық және тұйықталған басқару жүйелерінің элементтерін біріктіреді. Олар манипуляторды басқару үшін алдын ала анықталған немесе алдын ала бағдарламаланған басқару сигналдарының және сенсорлардың кері байланысының тіркесімін пайдаланады. Гибридті басқару жүйелері жүйенің динамикасы мен қоршаған ортасы онша танымал емес және кері байланысты басқару қажет болатын қосымшаларда қолданылады.




Сурет 1.12 – Адами роботтың гибриді ашық/тұйық контурлы контроллерінің құрылымы [66]

Қорытындылай келе, ашық контурлы басқару жүйелері қарапайым және іске асыруға оңай, бірақ өзгерістерге төзімді емес, тұйық контурлы басқару жүйелері сенімдірек және дәлірек, бірақ күрделі, ал гибриді басқару жүйелері екеуінің де тіркесімі болып табылады және жүйенің динамикасы мен қоршаған ортасы онша танымал емес қолданбаларда қолданылады.

1.3.2 Басқару стратегиялары


Жалпы басқару стратегияларына Пропорционалды-Интегралдық-Туынды (PID) [67], Сызықтық Квадраттық Реттегіш (LQR) [68] және Модельді Болжамды Басқару (MPC) [69] жатады. PID ең көп қолданылатын стратегия болып табылады және басқару сигналдарын реттеу үшін қажетті позиция мен нақты позиция арасындағы қатені пайдаланады. LQR – бірнеше кірістері мен шығыстары бар күрделі жүйелер үшін қуатты стратегия, бірақ ол жүйенің жақсы үлгісін қажет етеді. MPC – бұл шектеулер мен бұзылулары бар жүйелер үшін қуатты стратегия, бірақ сонымен бірге жүйенің жақсы моделін қажет етеді.

Пропорционалды-Интегралдық-Туынды (PID) (сурет 1.13) манипуляторларды басқару жүйелері үшін ең көп қолданылатын басқару стратегиясы болып табылады. Бұл басқару сигналдарын реттеу үшін басқару қатесін пайдаланатын кері байланысты басқару стратегиясы. Контроллер үш компоненттен тұрады: пропорционалды, интегралды және туынды контроллерлер. Пропорционалды контроллер қатені қатенің пропорциясына азайтуға, интегралды контроллер қалдық қатені жоюға, ал туынды контроллер қатенің өзгеру жылдамдығын төмендетуге жауап береді.




Сурет 1.13 – PID контроллерінің құрылымы [70]

Сызықтық Квадраттық Реттегішті (LQR) басқару (сурет 1.14) – бұл шығындар функциясын минимизациялайтын басқару командаларын анықтау үшін математикалық оңтайландыру алгоритмін қолданатын кері байланысты басқару стратегиясы. Шығындар функциясы жүйенің жұмысының математикалық көрінісі болып табылады және қателік, қатенің өзгеру жылдамдығы және басқару күші сияқты факторларды қамтуы мүмкін. LQR басқару – бұл бірнеше кірістер мен шығыстары бар күрделі жүйелерді басқара алатын қуатты басқару стратегиясы, бірақ ол күрделі есептеулерді және жүйенің жақсы моделін қажет етеді.



Сурет 1.14 – LQR басқару жүйесінің архитектурасы [68]

Модельді Болжамды Бақылау (MPC) (сурет 1.15) – болашақ мінез-құлықты болжау және қажетті өнімділікке қол жеткізетін басқару сигналдарын анықтау үшін жүйенің математикалық моделін пайдаланатын басқару стратегиясы. Басқару жүйесі болжамды мінез-құлықты жүйенің өнімділігін шектеулі уақыт аралығында оңтайландыратын басқару командаларының тізбегін жоспарлау үшін пайдаланады. MPC – бұл шектеулер мен бұзылулары бар күрделі жүйелерді басқара алатын қуатты басқару стратегиясы, бірақ ол жүйенің жақсы моделін және күрделі есептеулерді қажет етеді.



Сурет 1.15 – MPC негізіндегі басқару жүйесінің қарапайымдалған сұлбасы [69]

Қорытындылай келе, PID ең көп қолданылатын басқару стратегиясы болып табылады, ол басқару сигналдарын реттеу үшін басқару қатесін пайдаланады. LQR басқару – бұл бірнеше кірістер мен шығыстары бар күрделі жүйелерді басқара алатын, бірақ күрделі есептеулерді қажет ететін қуатты басқару стратегиясы. MPC – бұл шектеулер мен бұзылулары бар күрделі жүйелерді басқара алатын қуатты басқару стратегиясы, бірақ ол жүйенің жақсы моделін және күрделі есептеулерді қажет етеді.

1.3.3 Датчиктер мен жетектер

Датчиктер – позиция, жылдамдық және күш сияқты әртүрлі физикалық шамаларды өлшейтін құрылғылар. Олар манипуляторларды басқару жүйелерінде басқару жүйесіне кері байланыс сигналдарын беру үшін қолданылады. Манипуляторлардың басқару жүйелерінде көбінесе қолданылатын датчиктерге позиция датчиктері [71], жылдамдық датчиктері [72] және күш датчиктері [73] жатады.

Позиция датчиктері манипулятордың буындарының немесе жұмыс мүшесінің орналасуын өлшейді. Олар әртүрлі технологияларға негізделуі мүмкін, мысалы, энкодерлер, потенциометрлер немесе лазерлік интерферометрлер.

Жылдамдық датчиктері манипулятордың буындарының немесе жұмыс мүшесінің жылдамдығын өлшейді. Олар тахометрлер немесе оптикалық кодерлер сияқты технологияларға негізделуі мүмкін.

Күш датчиктері манипулятордың қоршаған ортаға тигізетін күшін өлшейді және жүктеме ұяшықтары, штамм өлшегіштер немесе пьезоэлектрлік датчиктер сияқты технологияларға негізделуі мүмкін.

Жетектер – басқару сигналдарын механикалық қозғалысқа түрлендіретін құрылғылар. Олар манипулятордың қозғалысын басқару үшін манипуляторды басқару жүйелерінде қолданылады. Манипуляторлардың басқару жүйелерінде қолданылатын кейбір жалпы жетектерге электр қозғалтқыштары, пневматикалық цилиндрлер және гидравликалық цилиндрлер жатады.

Электр қозғалтқыштары манипуляторларды басқару жүйелерінде жетек ретінде кеңінен қолданылады және оларды импульстік енді модуляциялау (PWM) немесе моментті тікелей басқару (DTC) сияқты әдістер арқылы басқаруға болады.

Пневматикалық цилиндрлер механикалық қозғалыс жасау үшін сығылған ауаны пайдаланады. Олар қарапайым және берік, бірақ электр қозғалтқыштары сияқты дәл емес.


Гидравликалық цилиндрлер механикалық қозғалыс жасау үшін сығылған сұйықтықты пайдаланады. Олар қуатты және дәл, бірақ сонымен бірге күрделі және қымбат.

Қорытындылай келе, датчиктер позиция, жылдамдық және күш сияқты физикалық шамаларды өлшеу арқылы басқару жүйесіне кері байланыс сигналдарын береді, ал жетектер манипулятордың қозғалысын басқару үшін басқару сигналдарын механикалық қозғалысқа түрлендіреді. Электр қозғалтқыштары, пневматикалық цилиндрлер және гидравликалық цилиндрлер манипуляторларды басқару жүйелерінде қолданылатын кең таралған жетектер болып табылады.

1.4 Роботтық манипуляторларда қолданылатын траектория жоспарлау әдістері

Негізінде траекторияны жоспарлау мәселесі екі элементтің арасындағы байланысты табудан тұрады: уақыт пен кеңістіктің. Сәйкесінше, траектория әдетте уақыттың параметрлік функциясы ретінде өрнектеледі, ол әр сәтте сәйкес қажетті позицияны қамтамасыз етеді. Бұл функцияны анықтағаннан кейін оны жүзеге асыруға байланысты басқа аспектілерді де ескеру қажет, мысалы, уақытты дискреттеу (манипуляторлар цифрлық басқару жүйелерімен басқарылады), іске қосу жүйесінің қанықтылығы, жүктемеде индукцияланған тербелістер және т.б.

1.16-суретте көрсетілгендей, траекториялардың әртүрлі категорияларының негізгі айырмашылығы олардың бір немесе көп өлшемді болуы мүмкін екендігінде. Бірінші жағдайда олар еркіндіктің бір дәрежесі (dof) жүйесінің позициясын анықтайды, ал екінші жағдайда көпөлшемді жұмыс кеңістігі қарастырылады.




Сурет 1.16 – Траекториялардың негізгі түрлері [74]

Формальды тұрғыдан алғанда, траекториялардың осы екі класының арасындағы айырмашылық олардың скаляр ($q = q(t)$) немесе вектор-риал ($p = p(t)$) функциясымен анықталатындығында.). Алайда, егер екі жағдайда оларды есептеу үшін қолданылатын тәсілдер мен құралдарды қарастыратын болсақ, айырмашылықтар тереңірек болады.

Бір өлшемді және көп өлшемді траекторияларға арналған әдістер, сонымен қатар, қажетті қозғалыс тек бастапқы және соңғы нүктелерді (point-to-point) немесе дұрыс интерполяциялануы/жуықталуы керек аралық нүктелер жиынтығын (multipoint) қабылдау арқылы анықталатындығына байланысты жіктеледі. Бірінші жағдайда, күрделі қозғалыс бірнеше нүктеден нүктеге (point-to-point) траекторияларды біріктіру арқылы алынады, олардың әрқайсысы үшін жылдамдық, үдеу және т.б. бойынша бастапқы және соңғы шекаралық шарттар, және олардың максималды мәндеріндегі шектеулерді қарастыру арқылы табылады. Керісінше, көп нүктелі траекториялар жағдайында, аралық нүктелерді көрсете отырып, ерікті түрде күрделі қозғалыстарды анықтауға болады және траектория әрбір нүктеге қойылған шарттарға байланысты жаһандық оңтайландыру мәселесінің шешімі ретінде табылады. Сонымен қатар, берілген траектория бойынша міндетті түрде қиылыспайтын берілген нүктелер негізінде қозғалыс профилін анықтаудың әртүрлі критерийлерін қабылдауға болады. Атап айтқанда, аралық нүктелі (multipoint) траекторияның екі әдісін ажыратуға болады:

- интерполяция: траектория уақыттың кейбір мәндері үшін берілген нүктелерді қиып өтеді, сурет 1.17 (а).
- аппроксимация: траектория нүктелер арқылы дәл өтпейді, сурет 1.17 (б).



Сурет 1.17 – Нүктелердің интерполяциясы (а) және аппроксимациясы (б) [74]

Соңғы әдіс, әсіресе көп өлшемді траекторияларда, қисық бойымен жылдамдық/үдеу мәндерінің төмендеуі қажет болған кезде пайдалы болуы мүмкін [74].

1.4.1 Полиномды траектория

Полиномды (көпмүшелі) траектория қарапайым жағдайда қозғалыс бастапқы және соңғы уақытты t_0 және t_1 , сондай-ақ t_0 және t_1 кезіндегі позиция, жылдамдық және үдеу шарттарын тағайындау арқылы анықталады. Математикалық тұрғыдан алғанда, берілген шарттар қанағаттандырылатындай функцияны табу мәселесі туындайды.

$$q = q(t), \quad t \in [t_0, t_1].$$

Бұл мәселені көпмүшелік функцияны қарастыру арқылы оңай шешуге болады, мұнда $n+1$ коэффициенттері a_i бастапқы және соңғы шектеулер қанағаттандырылатындай етіп анықталады. Көпмүшенің n дәрежесі қанағаттандырылатын шарттардың санына және алынған қозғалыстың қажетті "тегістігіне" байланысты. Шекаралық шарттардың саны әдетте жүп болғандықтан, көпмүшелік функцияның n дәрежесі тақ, яғни үш, бес, жеті және т.б.

$$q(t) = a_0 + a_1 t + a_2 t^2 + \dots + a_n t^n.$$

Жалпы алғанда, траекториядағы бастапқы және соңғы шарттардан басқа, оның уақыт туындыларына қатысты басқа шарттарды көрсетуге болады (жылдамдық, үдеу және т.с.с.). Басқаша айтқанда, берілген t_j сәтте k -ші уақыт туындысы белгілі бір $q^{(k)}(t_j)$ мәнді қабылдайтын көпмүшелік функцияны $q(t)$ анықтауға болады. Математикалық тұрғыдан бұл шарттарды

$$k! a_k + (k + 1)! a_{k+1} t_j + \dots + \frac{n!}{(n - k)!} a_n t_j^{n-k} = q^{(k)}(t_j),$$

немесе матрица түрінде

$$Ma = b$$

көрсетуге болады, мұндағы M -белгілі $(n+1) \times (n+1)$ матрицасы, b берілген $(n+1)$ қанағаттандырылуы тиіс шарттарды жинайды, және $a = [a_0, a_1, \dots, a_n]^T$ – есептелетін белгісіз параметрлердің векторы.

Негізінде бұл теңдеуді қарапайым түрде шешуге болады

$$a = M^{-1}b$$

дегенмен, n үлкен мәндері үшін, бұл процедура көптеген мәселелерге әкелуі мүмкін.


1.18-суретте келесі шарттарды тағайындау арқылы есептелген көпмүшелік траекторияның орны, жылдамдығы және үдеу профилдері көрсетілген:

$$q_0 = 10, \\ v_0 = 0,$$

$$q_1 = 20, \\ v_1 = 0,$$

$$t_0 = 0, \\ v(t=2) = 2,$$

$$t_1 = 10, \\ a(t=8) = 0.$$



Сурет 1.18 – Полиномды траекторияның орын, жылдамдық және үдеу профилдері [74]

Бұл мысалда төрт шекаралық шарт (t_0 және t_1 сәттеріндегі позиция мен жылдамдық) және екі аралық шарт ($t = 2$ сәтіндегі жылдамдық және $t = 8$

сәтундегі үдеу) бар. Алты шартпен кем дегенде бес дәрежелі көпмүшені қабылдау қажет. Бұл жағдайда a_i коэффициенттері келесі мәндерге ие болады:

$$\begin{array}{lll} a_0 = 10, & a_1 = 0, & a_2 = 1.1462, \\ a_3 = -0.2806, & a_4 = 0.0267, & a_5 = -0.0009. \end{array}$$

1.4.2 Сызықтық траектория

q_0 бастапқы нүктесінен q_1 соңғы нүктесіне дейінгі қозғалысты анықтаудың ең қарапайым траекториясы

$$q(t) = a_0 + a_1(t - t_0)$$

болып анықталады.

t_0, t_1 бастапқы және соңғы сәттері және q_0 және q_1 позициялары көрсетілгеннен кейін жүйені шешу арқылы a_0, a_1 параметрлерін есептеуге болады:

$$\begin{cases} q(t_0) = q_0 = a_0 \\ q(t_1) = q_1 = a_0 + a_1(t_1 - t_0). \end{cases}$$

Бұдан:

$$\begin{cases} a_0 = q_0 \\ a_1 = \frac{q_1 - q_0}{t_1 - t_0} = \frac{h}{T}, \end{cases}$$


мұндағы $T = t_1 - t_0$ – уақыт ұзақтығы, $h = q_1 - q_0$ – орын ауыстыру.

Жылдамдық $[t_0, t_1]$ интервалында тұрақты және оның мәні

$$\dot{q}(t) = \frac{h}{T},$$

сондықтан, бұл траекторияны тұрақты жылдамдық траекториясы деп те атайды.

1.19-суретте $t_0 = 0, t_1 = 8, q_0 = 0, q_1 = 10$ шарттарымен сызықтық траекторияның орны, жылдамдығы және үдеуі көрсетілген. $t = t_0, t_1$ кезінде жылдамдық үзулі болады, сондықтан үдеу осы нүктелерде шексіз болады. Осы себепті осы формадағы траектория өндірістік практикада қабылданылмайды.



Сурет 1.19 – Сызықтық траекторияның орны, жылдамдығы және үдеуі [74]

1.4.3 Параболалық траектория

Гравитациялық траектория немесе тұрақты үдеу деп те аталатын бұл траектория тұрақты абсолютті мәні бар үдеумен және үдеу/тежелу кезеңдеріндегі қарама-қарсы белгімен сипатталады. Аналитикалық тұрғыдан алғанда, бұл траектория екінші дәрежелі екі көпмүшеден тұрады, біреуі t_0 -ден t_f -ке дейін (иілу нүктесі), екіншісі t_f -тен t_1 -ге дейін.

Енді $t_f = (t_0 + t_1)/2$ және $q(t_f) = q_f = (q_0 + q_1)/2$ арқылы анықталған оның ортаңғы нүктесіне қатысты симметриялы траектория жағдайын қарастырайық. Бұл жағдайда $T_a = (t_f - t_0) = T/2$, $(q_f - q_0) = h/2$ болады.

Бірінші бөлімде ("үдеу" бөлімінде) траектория келесідей анықталады:

$$q_a(t) = a_0 + a_1(t - t_0) + a_2(t - t_0)^2, \quad t \in [t_0, t_f].$$

a_0 , a_1 және a_2 параметрлерін траектория шарттарын q_0 , q_f нүктелері арқылы және шартты бастапқы жылдамдыққа v_0 кою арқылы есептеуге болады:

$$\begin{cases} q_a(t_0) = q_0 = a_0 \\ q_a(t_f) = q_f = a_0 + a_1(t_f - t_0) + a_2(t_f - t_0)^2 \\ \dot{q}_a(t_0) = v_0 = a_1. \end{cases}$$

Сонда

$$a_2 = \frac{2}{T^2}(h - v_0T).$$

Сондықтан $t \in [t_0, t_f]$ үшін траектория келесідей анықталады:

$$\begin{cases} q_a(t) = q_0 + v_0(t - t_0) + \frac{2}{T^2}(h - v_0T)(t - t_0)^2 \\ \dot{q}_a(t) = v_0 + \frac{4}{T^2}(h - v_0T)(t - t_0) \\ \ddot{q}_a(t) = \frac{4}{T^2}(h - v_0T). \end{cases}$$

Иілу нүктесіндегі жылдамдық:

$$v_{max} = \dot{q}_a(t_f) = 2\frac{h}{T} - v_0.$$

Екінші бөлімде, иілу мен соңғы нүктенің арасында, траектория келесідей сипатталады:

$$q_b(t) = a_3 + a_4(t - t_f) + a_5(t - t_f)^2, \quad t \in [t_f, t_1].$$

Егер v_1 жылдамдығының соңғы мәні тағайындалса, $t = t_1$ кезінде a_3 , a_4 , a_5 параметрлерін келесі тендеулер арқылы есептеуге болады:

$$\begin{cases} q_b(t_f) = q_f = a_3 \\ q_b(t_1) = q_1 = a_3 + a_4(t_1 - t_f) + a_5(t_1 - t_f)^2 \\ \dot{q}_b(t_1) = v_1 = a_4 + 2a_5(t_1 - t_f). \end{cases}$$

Бұдан:


$$a_4 = 2\frac{h}{T} - v_1, \quad a_5 = \frac{2}{T^2}(v_1T - h).$$

$t \in [t_f, t_1]$ үшін траекторияның өрнегі келесідей болады:

$$\begin{cases} q_b(t) = q_f + (2\frac{h}{T} - v_1)(t - t_f) + \frac{2}{T^2}(v_1T - h)(t - t_f)^2 \\ \dot{q}_b(t) = 2\frac{h}{T} - v_1 + \frac{4}{T^2}(v_1T - h)(t - t_f) \\ \ddot{q}_b(t) = \frac{4}{T^2}(v_1T - h). \end{cases}$$

Дельта манипуляторының әрбір құрамдас бөлігі Fusion 360 жүйесінде жеке сызылған. Бұл манипулятордың негізі ретінде қызмет ететін жылжымайтын платформаны және қажетті қозғалыстарды жүзеге асыратын жылжымалы платформаны модельдеуді қамтыды. Сонымен қатар, манипулятордың кинематикасы үшін өте маңызды белсенді және пассивті иықтар олардың дұрыс жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін нақты өлшемдер мен техникалық сипаттамаларға сәйкес жасалған. Моделденген манипулятор бөліктері 2.5-суретте көрсетілген.



Сурет 2.5 – Fusion 360 бағдарламасындағы манипулятор бөліктерінің моделі

Жеке компоненттер жобаланғаннан кейін, келесі қадам оларды біртұтас құрылымға жинауды қамтыды. Бұл процесс манипулятордың жалпы дизайнын визуализациялау үшін және барлық бөлшектердің мақсатына сай бір-біріне сәйкес келуін қамтамасыз ету үшін өте маңызды болды. Fusion 360 құрастыру

құралдары әртүрлі құрамдас бөліктер арасындағы түйіспелер мен қосылыстарды модельдеу үшін пайдаланылды, бұл қажетті қозғалыс ауқымы мен құрылымдық тұтастыққа қол жеткізу үшін қажетінше түзетулер енгізуге мүмкіндік берді.

2.3.2 Жасалған моделді Matlab бағдарламасына тасымалдау

Fusion 360 мүмкіндіктеріне қарамастан, бағдарламалық жасақтама модельдеу мақсатында құрастырылған модельді Matlab-қа тікелей импорттауға келгенде шектеулер қойды. Бұл қиындықты жеңу үшін құрастыру алдымен әртүрлі модельдеу құралдарымен үйлесімділігімен танымал басқа CAD бағдарламалық құралы SolidWorks-ке импортталды.

Fusion 360-тан SolidWorks-қа көшу құрастырылған модельді SolidWorks-пен үйлесімді форматта экспорттауды көздеді. Бұл қадам дизайнның тұтастығын және буындардың функционалдығын сақтау үшін өте маңызды болды. SolidWorks-ке импортталғаннан кейін, модель ауысу кезінде қателіктердің болмауын және барлық компоненттердің дұрыс туралануын қамтамасыз ету үшін қайта қаралды.


Соңғы қадам модельдеу мақсатында Solidworks-тен Matlab-қа манипулятордың моделін импорттауды қамтыды. Simulink кеңейтімі болып табылатын Matlab Simscape Multibody механикалық жүйелерді модельдеуге және симуляциялауға арналған кешенді платформаны ұсынады.

Импорттау процесін жеңілдету үшін Simscape Multibody Link плагині қолданылды. Бұл құрал CAD модельдерін Matlab-қа үздіксіз тасымалдауға мүмкіндік береді, оларды модельдеу үшін қолдануға болатын Simscape Multibody блоктарына айналдырады [113]. Плагин автоматты түрде қажетті файлдар мен скрипттерді жасайды, бұл интеграция процесін айтарлықтай жеңілдетеді.

Модель Matlab-қа сәтті импортталғаннан кейін, дельта манипуляторының жұмысын тексеру үшін модельдеу ортасы құрылды. Бұл қозғалыс ауқымы, жылдамдық және сыртқы күштер сияқты модельдеу параметрлерін анықтауға мүмкіндік береді.

Дельта манипуляторын жобалау, құрастыру және модельдеу процесі әртүрлі бағдарламалық құралдардың күшті жақтарын пайдаланатын көп сатылы тәсілді қамтыды.


Манипулятордың моделі тасымалданғаннан кейін Matlab Simulink ортасында 2.6-суретте көрсетілген блок ретінде қосылады.



Manipulator Model

Сурет 2.6 – Тасымалданған модельдің Simulink ортасындағы көрінісі

Қосылған блоктың ішкі құрылымы 2.7-суретте көрсетілген.



Сурет 2.7 – Simulink ортасындағы манипулятор моделінің ішкі құрылысы

Суретте көрсетілген блоктың құрылысында манипулятордың әрбір буыны және олардың арасындағы кинематикалық жұптарды сипаттайтын қосымша блоктар қамтылған.

2.4 Манипуляторды кинематика және траектория жоспарлау алгоритмдерімен Matlab ортасында модельдеу

Манипулятордың 3D моделін Matlab-қа Simscape Multibody Link плагинін қолдана отырып сәтті импорттағаннан кейін, жобаның келесі негізгі қадамы манипулятордың қозғалысын басқаратын математикалық функцияларды енгізу болды. Бұл кезең тура және кері кинематиканың функцияларын, оған қоса трапециялық траекторияны жоспарлау функциясын жасауға бағытталған. Бұл функциялар манипулятордың кинематикалық жұп және тапсырма кеңістігіндегі қозғалыстарын анықтау үшін өте маңызды, бұл оның әрекеттерін дәл бақылауға мүмкіндік береді.

Тура кинематика функциясы манипулятордың жұмыс мүшесінің орналасуын анықтау үшін жасалған, кинематикалық жұп айнымалылар жиынтығын (бұрыштар немесе орын ауыстырулар) ескере отырып жасалған. Бұл математикалық модель кинематикалық жұп параметрлерін енгізіп, жұмыс кеңістігіндегі жұмыс мүшесінің координаталарын шығаруды қамтиды. Бұл функцияның жасалуы манипулятордың буындары мен оның жұмыс мүшесінің арасындағы геометриялық байланысты білдіретін кинематикалық теңдеулерді қамтиды. Бұл процесс тараудың басында анықталған теңдеулерді қолданып жүргізілді.

Керісінше, кері кинематика функциясы жұмыс мүшесінің тапсырма кеңістігінде қажетті орынға орналастыратын қажетті буын параметрлерін есептеуге арналған. Бұл функция бірнеше шешімдердің болу мүмкіндігіне байланысты тура бағытталған кинематикаға қарағанда күрделірек, немесе кейбір жағдайларда берілген мақсатты позиция үшін шешімнің болмауы да мүмкін. Кері

кинематика функциясының жасалуы кинематикалық жұп айнымалылар үшін кинематикалық теңдеулерді шешудің геометриялық және сандық әдістерін қолданады. Бұл манипулятордың физикалық шектеулерін мұқият қарастыруды және дәл және мүмкін болатын шешімдерді табуға қабілетті алгоритмдерді енгізуді талап етті.

Траекторияны жоспарлау манипулятордың бір нүктеден екінші нүктеге қозғалысын бірқалыпты және тиімді басқару үшін өте маңызды. Трапециялық траекторияны жоспарлау әдісі серпілісті азайту және манипулятордың жатық жұмысын қамтамасыз ету үшін маңызды болып табылатын тұрақты үдеу және тежелу фазалары бар траекторияларды генерациялаудағы қарапайымдылығы мен тиімділігі үшін таңдалды.


Трапециялық траекторияны жоспарлау функциясының жасалуы қозғалыстың үдеу, тұрақты жылдамдық және тежелу фазаларын анықтаумен байланысты болды. Бұл функция уақыт бойынша қажетті жылдамдықты, үдеуді және позиция профильдерін есептейді, манипулятордың алдын ала белгіленген максималды жылдамдық пен үдеумен көрсетілген басталу және аяқталу нүктелеріне сәйкес қозғалуын қамтамасыз етеді. Математикалық модель манипулятордың кинематикалық шектерін ескереді, осы шектеулер шеңберінде тиімді қозғалысқа жету үшін траекторияны оңтайландырады.

Кинематикалық функциялар мен траекторияны жоспарлау алгоритмін қолдана отырып, келесі қадам осы компоненттерді Matlab-та импортталған манипулятор моделімен біріктіру болды. Бұл интеграция математикалық модельдер мен Simscape Multibody модельдеу ортасы арасында байланыс интерфейсін орнатуды қажет етті.

Тура және кері кинематика функциялары манипулятор моделіне модельдеу ортасындағы кинематикалық жұп айнымалылары мен жұмыс мүшесінің позицияларын түсіру арқылы қосылды. Бұл манипулятордың ағымдағы күйіне немесе жұмыс мүшесінің қалаған күйіне негізделген қажетті кинематикалық параметрлерді есептеу үшін Matlab функцияларын жасауды қамтыды.

Трапециялық траекторияны жоспарлау функциясы құрылған траектория профильдерін манипулятор моделіне енгізу командалары ретінде беру арқылы біріктірілген. Бұл есептелген траекторияларға сүйене отырып, манипулятордың кинематикалық жұп айнымалыларын нақты уақыт режимінде жаңарта алатын модельдеу ортасында басқару циклін жасауды қажет етті. Бұл қондырғы манипулятордың қозғалысын модельдеуге, оның әр түрлі жағдайда оның жұмысына визуалды және сандық талдау жасауға мүмкіндік берді.

Matlab Simulink ортасында жасалған кинематикалық және траектория жоспарлау функциялары мен тасымалданған 3D моделінің болғының қосылымдары 2.8-суретте көрсетілген.



Сурет 2.8 – Matlab Simulink бағдарламасындағы модель

Жобаның соңғы кезеңі әзірленген функциялар мен интеграцияланған модельдеу ортасын қолдана отырып, манипулятордың қозғалысын модельдеуді қамтыды. Бұл процесс манипулятордың мүмкіндіктерін жан-жақты тексеруге мүмкіндік беретін кинематикалық жұп кеңістігінде де, тапсырма кеңістігінде де қозғалыс симуляциясын құруға мүмкіндік берді.

2.4.1 Манипулятор қозғалысын модельдеу

Қоғалысты симуляциялау үшін манипулятор моделі қатарынан төрт рет үш нүкте арасында қозғалыс жасады:


$$P_0 \rightarrow P_1 \rightarrow P_0 \rightarrow P_2 \rightarrow P_0,$$

$$P_0(0, 0, -150),$$

$$P_1(50, 50, -250),$$

$$P_2(-50, -50, -250).$$


Берілген нүктелер арасындағы траекториялар тапсырма мен кинематикалық жұп кеңістіктерінде есептелді. Әрбір қозғалыстың ұзақтығы 0,5 секундқа белгіленді, бұл барлығы 2 секундты құрайды. Траекториялар 2.9-суретте көрсетілген.



Сурет 2.9 – Модельденген траекториялар [75]

2.4.2 Кинематкалық жұп кеңістігіндегі траектория


2.10-суретте белсенді иықтардың кинематкалық жұп кеңістігіндегі траекторияларының бұрыштық позициялары, жылдамдықтары мен үдеулері көрсетілген. Максималды бұрыштық жылдамдық пен үдеу $242^\circ/\text{c}$ және $1600^\circ/\text{c}^2$ болды.



Сурет 2.10 – Кинематкалық жұп кеңістігіндегі траекториялары: бұрыштық позиция, жылдамдық пен үдеу [75]

Кинематикалық жұп кеңістігіндегі траектория жетектер үшін тиімді болып табылады.

2.11-суретте тура кинематика көмегімен есептелген соңғы эффектордың кинематикалық жұп кеңістігіндегі траекторияларының сызықтық позициялары, жылдамдықтары мен үдеулері көрсетілген. Максималды сызықтық жылдамдыққа Z осінде қол жеткізілді және мәні 278 мм/с , ал абсолютті жылдамдық 404 мм/с жетті. максималды үдеу Y осінде қол жеткізілді және мәні 4000 мм/с^2 болды.




Сурет 2.11 – Кинематикалық жұп кеңістігіндегі траекториялар: есептелген сызықтық позиция, жылдамдық пен үдеу [75]

Кинематикалық жұп кеңістігіндегі траектория жұмыс мүшесінің үдеуінің шұғыл өзгеруіне әкеледі.

2.4.3 Тапсырма кеңістігіндегі траектория

2.12-суретте жұмыс органының траекторияларының сызықтық позициялары, жылдамдықтары мен үдеулері көрсетілген. Максималды сызықтық жылдамдыққа Z осінде қол жеткізілді және мәні 355 мм/с құрады, ал


абсолютті жылдамдық 391 мм/с-қа жетті, барлық осьтерде максималды үдеу 1600 мм/с² болды.



Сурет 2.12 – Тапсырма кеңістігіндегі траекториялар: есептелген сызықтық позиция, жылдамдық пен үдеу [75]

Тапсырма кеңістігіндегі траектория жұмыс мүшесінің қозғалысы үшін тиімді.

2.13-суретте кері кинематика көмегімен есептелген тапсырма кеңістігіндегі траекториялардың белсенді иықтарының бұрыштық позициялары, жылдамдықтары мен үдеулері көрсетілген. Максималды бұрыштық жылдамдық пен үдеу 255 °/с және 3400 °/с² болды.



Сурет 2.13 – Тапсырма кеңістігіндегі траекториялары: бұрыштық позиция, жылдамдық пен үдеу [75]

Тапсырма кеңістігіндегі траектория манипулятордың жетектерінің үдеуінің шұғыл өзгерісіне әкеледі.

2.5 Екінші тараудың қорытындылары

Бұл бөлімде манипулятордың кинематикасы мен траекториясын жоспарлауды модельдеу жан-жақты талқыланып, теориялық тұжырымдамалардың практикалық қолданумен интеграциялануына баса назар аударылды. Талдау манипулятордың тура және кері кинематикасын қамтыды, бұл жұмыс мүшесінің орнын және оның белгілі бір координаттары үшін белсенді иықтардың қажетті бұрыштарын анықтауды жеңілдетеді. Сонымен қатар, бөлімде трапециялық траектория жоспарлау әдісі қарастырылған, ол роботтың жұмыс тиімділігі үшін маңызды үдеу мен тежелудің бірқалыпты фазаларын қамтамасыз ету үшін параболалық және сызықтық тәсілдердің артықшылықтарын біріктіреді.

Кешенді тәсіл манипуляторды модельдеу және сынау үшін Autodesk Fusion 360, SolidWorks және Matlab Simscape Multibody құралдарын қамтыды. Манипулятор моделін Matlab ортасына интеграциялау, содан кейін

кинематикалық теңдеулер мен траекторияны жоспарлау алгоритмдерін енгізу роботтың қозғалысын бақылау мен оңтайландырудың мұқият әдісін көрсетеді.

Дельта манипуляторы сияқты роботтық манипуляторларды басқарудың кинематикалық жұп және тапсырма кеңістіктеріндегі траекторияларын зерттеу тиімді роботтық жүйелерді жобалау және енгізу үшін маңызды болып табылатын айқын артықшылықтар мен кемшіліктерді көрсетті.

Кинематикалық жұп кеңістігіндегі траектория үшін кері кинематика арқылы жетектердің тек бастапқы және соңғы бұрыштары есептеледі, ал тапсырма кеңістігінде траекторияның әрбір нүктесі үшін кері кинематика есептеледі, яғни, тапсырма кеңістігінде траекторияны жоспарлау басқару жүйесінің көп есептеу қуатын жұмсайды. Бұл күрделілік есептеу сұранысының артуына, және жүйенің жауап беру уақытының артуы мен тиімділігінің төмендеуіне әкеледі.

Сонымен қатар, кинематикалық жұп кеңістігіндегі траектория жетектердің жылдамадығы мен үдеуін тікелей басқаруға мүмкіндік береді, бұл жетектердің тиімді қозғалысын қамтамасыз етіп, олардың бөлшектерінің тез тозуын болдырмауға мүмкіндік береді. Осындай шешімнің артықшылығы, әрине, кемшіліктерге де ие. Бұрыштық жылдамдық пен үдеудің жетектер үшін тиімділігі манипулятордың жұмыс мүшесінің сызықтық жылдамдық пен үдеуінің тиімсіздігіне, яғни, оның дірілдеріне әкеледі.

Екінші жағынан, тапсырмалар кеңістігінің траекториясын жоспарлау қарама-қайшы артықшылықтар мен кемшіліктерге ие, яғни, манипулятор жұмыс мүшесінің сызықтық жылдамдық пен үдеуінің тиімді, ал жетектердің бұрыштық жылдамдық пен үдеудің тиімсіз болады. Бұл жетектердің тез тозуына әкелуі мүмкін.

Қорытындылай келе, кинематикалық жұп және тапсырма кеңістіктеріндегі траекториялар роботтық манипуляторларды басқарудың құнды әдістерін ұсынады, олардың әрқайсысының өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Қандай тәсілді қолдану керектігі туралы шешім нақты қолдану талаптарын, манипулятордың мүмкіндіктерін және операциялық ортаның шектеулерін мұқият талдауға негізделуі керек.

3 МАНИПУЛЯТОРДЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ БАСҚАРУ ЖҮЙЕСІН ЖАСАУ

Дәстүрлі дельта манипуляторлары көбінесе жоғары бағаға ие, бұл оларды кішігірім өндіріс пен зерттеу жұмыстарында қолданысын шектейді.

Коммерциялық шешімдердің жоғары құнына (5000 USD бастап) байланысты көптеген әзірлеушілер мен зерттеушілер манипуляторлардың прототиптері мен физикалық модельдерін жасау үшін аддитивті технологияларды қолданады. Аддитивті технологиялар зерттеушілерге өз жобасын жасау немесе дайын жобаларды пайдалану арқылы манипулятор жасауға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, бұл әдіс зерттеу барысында кемшіліктер анықталған кезде немесе оны нақты тапсырмаларға бейімдеу үшін манипулятордың белгілі бір бөліктерін оңай өзгертуге мүмкіндік береді.

Әрине, тез және арзан прототиптеу мүмкіндіктері өте маңызды, бірақ сонымен бірге аддитивті технологиялармен жасалған манипуляторлар коммерциялық өнімдермен салыстырғанда бірқатар кемшіліктерге ие. Коммерциялық манипуляторлар жоғары дәлдікті жабдықта жасалады, жоғары сапалы жұптармен және топсалармен жабдықталған, нақты мәселелерді шешуге арналған алдын-ала орнатылған бағдарламаларымен қамтылған дайын басқару жүйесі бар. Коммерциялық манипуляторлар өндірісі жоғары стандарттар бойынша жүретіндіктен, әр данаға басқару жүйесінің параметрлерін калибрлеудің қажеті жоқ, ал аддитивті технологиялармен жасалған манипуляторларының орналасу дәлдігіне қол жеткізу үшін параметрлерді жеке таңдау және калибрлеу қажет. Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – жоғары жылдамдықпен, үдеумен және дәлдікпен жұмыс істей алатын арзан манипулятор жасау.

Бұл бөлімде келесі міндеттердің орындалуы сипатталады:

- бөлшектерді басып шығару және манипуляторды жинау;
- басқару жүйесінің сұлбасын жасау;
- басқару алгоритмін жасау;
- машиналық көру тақшасын оқыту.

Көпшілікке қолжетімді көптеген жобалар басып шығаруға дайын файлдармен, құрастыру процесінің сипаттамасымен және қажетті компоненттердің тізімімен жарияланған. Манипуляторды құрастыру үшін Thingiverse ресурсында баршаға ашық EEZYbotDELTA жобасы пайдаланылды. Таңдалған жоба құрастырудың қарапайымдылығымен, құрылымның қаттылығымен және қажетті компоненттердің қол жетімділігімен ерекшеленеді. Сондай-ақ, таңдалған жобада жоғары дәлдікті қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін қолжетімді сфералық жұптар пайдаланылатынын атап өткен жөн, басқа жобаларда оның орнына екі цилиндрлік жұп қолданылады.


Жұмыстың мақсаты арзан және қолжетімді манипуляторды құру болғандықтан, ең кең таралған және қолжетімді микроконтроллерлік тақталарының бірі, Arduino Uno, басқару жүйесінің негізі ретінде пайдаланылды. Сервожетектерді басқару PWM сигналын генерациялау үшін PCA9685 чипіне негізделген драйвердің PWM/Servo тақтасы қолданылады, ол Arduino-дағы

стандартты Servo кітапханасымен салыстырғанда PWM сигналының ажыратымдылығы жоғары, бұл позициялау дәлдігін арттыруға мүмкіндік береді.

Басқару алгоритмінің ажырамас бөлігі траекторияны жоспарлау болып табылады. Жатық және тиімді қозғалыстар жасауға мүмкіндік беретін позиция, жылдамдық, үдеу және жоғары позиция туындыларының үздіксіздігін қамтамасыз ете алатын көптеген траекторияны жоспарлау алгоритмдері бар. Дельта манипуляторларының негізгі қолданылуы «алып-қою» тапсырмалары болып табылады. Мұндай тапсырмалар үшін ең маңызды параметр – манипулятор бастапқы нүктеден берілген нүктеге жететін уақыт. Траекторияны жоспарлаудың ең кең таралған және ең аз уақытты қамтамасыз ететін түрлерінің бірі – трапециялық траектория жоспарлау әдісі. Бұл траекторияны жоспарлау әдісі жылдамдықтың үздіксіздігі мен жатық өзгеруін қамтамасыз етеді. Сондай-ақ, басқару алгоритмін жасау үшін манипулятордың кері және тура кинематикасының шешімдері қажет.

3.1 Манипуляторды жасау

EEZYbotDELTA Delta роботы 3.1-суретте көрсетілген 8 түрдегі 23 бөліктен тұрады. Бөлшек (1) жылжымалы платформа болып табылады. Бекітілген платформа үш (2) бөлікті және үш (6) бөлікті біріктіру арқылы жасалады. Бөлшек (2) MG995/MG996 сервожтегін орнатылатындай етіліп жасалған. Үш белсенді иықтың әрқайсысы (3), (4) және олардың арасындағы екі (7) түйісуінен пайда болады. (5) және (8) бөліктерге алюминий түтіктері салынып, нәтижесінде тірек құрылымын құрайды.



Сурет 3.1 – Дельта робот бөлшектері [75]

Барлық бөлшектер Creality CR-10 smart 3D басып шығарылды. Материал ретінде Creality PLA материалы пайдаланылды. 50 мм/с басып шығару жылдамдығымен және 20% толтыру коэффициентімен барлық бөлшектерді басып шығару үшін шамамен 40 сағат 20 минут қажет болды.

Алюминий түтіктер мен сервожтектерден басқа, дельта манипуляторын құрастыру үшін мойынтіректер, сфералық топсалар, сомындар, М3 және М4 бұрандамалары қажет. Қажетті компоненттердің егжей-тегжейлі тізімі және құрастыру процесі жобның веб-бетінде сипатталған.

Бөлшектерді басып шығару үшін 271 г пластик қажет болды, оның құны 1 кг үшін 20 USD, сонда пайдаланылған материалдың құны шамамен 5.5 USD құрады. Қалған компоненттерге шамамен 55 USD жұмсалды.

Нәтижесінде дельта манипулятордың құны машиналық көру тақтаны қоспағанда 60.5 USD құрады. Жиналған дельта манипуляторы 3.2-суретте көрсетілген. Манипулятор өлшемдері ені, ұзындығы және биіктігі бойынша сәйкесінше 475 мм x 440 мм x 445 мм болды.




Сурет 3.2 – Жиналған дельта манипулятор [75]

3.2 Басқару жүйесінің аппаратты бөлігі

Сурет 3.3 манипуляторды басқару жүйесінің электронды сұлбасын бейнелейді. Жұмыстың мақсаты арзан және қолжетімді манипулятор жасау болғандықтан, басқару жүйесінің негізі ретінде арзан және қарапайым Arduino


Uno эзірлеу тақтасы пайдаланылды. Arduino Uno тақтасы бүгінде ескірген 8 биттік микроконтроллермен жабдықталған, бірақ соған қарамастан оның есептеу қуаты трапеция тәрізді қозғалыс траекториясы мен манипулятор кинематикасын есептеуге жеткілікті.




Сурет 3.3 – Дельта роботтың басқару жүйесінің сұлбасы

Қолданылған дельта манипулятор жобасы MG995 немесе MG996 сервожетекке арналғандықтан, үш MG996 қолданылды. MG996 жетектері MG 995-тің бейімделген нұсқасы болып табылады және 0,92 Нм айналу моментін (құжаттамада 9,4 кг*см) және 4,8 В кернеуде шамамен 350°/с бұрыштық жылдамдықты қамтамасыз ете алады.

Мұндай сервожетектерде тек үш контакт бар (Vin, Signal және GND), яғни, олардың жұмысы кезінде біліктің ағымдағы бұрышын анықтау мүмкіндігі жоқ. Сервожетектердің ағымдағы білік позицияларын анықтау үшін олар жұмыс барысында жетілдірілді. Әрбір сервожетекте потенциометр бар, оның көмегімен кірістірілген серво контроллері біліктің орналасуын анықтайды, сондықтан сигналды тек әрбір потенциометрдің ортаңғы контактісінен шығару қажет болды. Қалыпты және жетілдірілген сервожетектердің құрылымдық диаграммалары 3.4-суретте көрсетілген.



(a)



(б)


Сурет 3.4 – Сервожетектердің сұлбалары: (а) қалыпты; (б) жетілдірілген

Потенциометрдің шығыс сигналы аналогты болып табылады және серво білігінің орналасуына байланысты 0 В-тан V_{in} кернеуіне дейін өзгереді. Осы шамалар арасындағы байланысты анықтау үшін 15° қадаммен жеті өлшем жүргізілді. 0° манипулятордың белсенді иығы қозғалмайтын платформаға параллель болатын позиция ретінде қабылданды. Өлшеу нәтижелері 3.1-кестеде көрсетілген.

Кесте 3.1 – Кернеу мен бұрыш өлшемдері

i	θ , градус	V_{POT} , В
1	-45	2.92
2	-30	2.59
3	-15	2.32
4	0	2.02
5	15	1.75
6	30	1.42
7	45	1.12

Бұл деректер V_{POT} сигналының θ бұрышына тәуелділігін анықтау үшін пайдаланылды. Өлшемдердің графигі 3.5-суретте көрсетілген.



Сурет 3.5 – V_{pot} кернеуінің θ бұрышынан тәуелділігі

Графиктің пішінінен тәуелділіктің сызықтық екені анық, сондықтан θ бұрышындағы V_{POT} кернеу функциясын келесі түрде жазуға болады:

$$V_{POT}(\theta) = k \cdot \theta + b. \quad (3.1)$$

Графиктегі екі нүктенің әрқайсысының арасындағы сызықтардың бұрыштары сәл өзгеше болғандықтан, әр кесінді үшін k коэффициентін тауып, бауының орташа мәнін табу керек:

$$k_i = \frac{V_{POT_{i+1}} - V_{POT_i}}{\theta_{i+1} - \theta_i}, \quad (3.2)$$

$$k = \frac{\sum_{i=1}^{N-1} k_i}{N-1}. \quad (3.3)$$

Енді b мәнін дәл осылай анықтауға болады:

$$b_i = \frac{V_{POT_i}}{k \cdot \theta_i}, \quad (3.4)$$

$$b = \frac{\sum_{i=1}^N b_i}{N}. \quad (3.5)$$

Есептеулер нәтижесінде $k = -0,02$ және $b = 2,02$ екені анықталды. Содан Кейін (3.1) формуласы келесдей болады:

$$V_{POT}(\theta) = -0.02 \cdot \theta + 2.02. \quad (3.6)$$

Дельта манипуляторын құрастыру кезінде барлық сервожетектер үшін біліктердің бірдей бастапқы орнына жету мүмкін еместігін ескеру қажет, сондықтан b мәні әр түрлі болды.

Алынған тәуелділікті тексеру үшін роботтың белсенді қолының 10 позициясы үшін сигнал кернеуін өлшеу жүргізілді. Алынған мәндерге сәйкес бұрыштар (3.6) алынған формула бойынша есептелді.

$$\theta(V_{POT}) = -50 \cdot V_{POT} + 101.$$

Алынған нәтижелер 3.2-кестеде келтірілген.

Кесте 3.2 – Әртүрлі бұрыштардағы өлшенген және есептелген кернеу мәндері

i	V_{POT}, B	Есеп-ген θ , градус	θ , градус	Қателік, градус
1	2.819	-39.95	-40	-0.05
2	2.621	-30.05	-30	0.05
3	2.419	-19.95	-20	-0.05
4	2.221	-10.05	-10	0.05
5	2.018	0.1	0	-0.1
6	1.819	10.05	10	-0.05
7	1.618	20.1	20	-0.1
8	1.42	30	30	0

Осы процедураның нәтижесінде белсенді иықтың бұрышын анықтаудағы максималды қателік $0,1^\circ$, ал орташа қателік $0,0375^\circ$ екендігі анықталды. Сервожетектерді басқару үшін PCA9685 чипіне негізделген тақта қолданылады. Тақта I²C интерфейсі арқылы басқарылады және бит тереңдігі 12 бит болатын 16 PWM сигналын шығаруға мүмкіндік береді.

3.3 Басқару жүйесінің алгоритмі

Манипуляторларды басқару жүйесінің алгоритмдерін жасау үшін екі негізгі тәсіл қарастырылды: кинематикалық жұп кеңістігіндегі траекторияның алгоритмі және тапсырма кеңістігіндегі траекторияның алгоритмі. Бұл алгоритмдер манипуляторды екі түрлі операциялық кеңістіктер арқылы басқаруға арналған құрылымдарды ұсынады, олардың әрқайсысының белгілі бір артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Тәсілдердің кемшіліктері мен артықшылықтары 2-тарауда талқыланған.

3.3.1 Кинематикалық жұп кеңістігіндегі траектория алгоритмі

Кинематикалық жұп кеңістігіндегі траектория алгоритмі манипулятордың жетектерін қажетті бұрыштарға жету үшін басқаруға бағытталған. Алгоритм псевдокод ретінде 3.6-суретте көрсетілген.

```

1 ЦИКЛ
2 бастапқы_бұрыштар = кері_кинематика (бастапқы_координаттар)
3 соңғы_бұрыштар = кері_кинематика (соңғы_координаттар)
4 ЦИКЛ егер ! (қазіргі_бұрыштар = соңғы_бұрыштар)
5     қазіргі_бұрыштар = трапециялық_траектория (қазіргі_уақыт)
6     қазіргі_координаттар = тура_кинематика (қазіргі_бұрыштар)
7     сигнал_ұзақтығы = бұрышты_импульсқа (қазіргі_бұрыштар)
8     серво_қосу (сигнал_ұзақтығы)
9     ацп_өлшемдері = ацп_өлшеу (ацп_кірістері)
10    шынайы_бұрыштар = ацп_бұрышқа (ацп_өлшемдері)
11    ақпарат_жіберу (қазіргі_бұрыштар, шынайы_бұрыштар, қазіргі_координаттар)
12 ЦИКЛ соңы
13 бастапқы_координаттар = соңғы_координаттар
14 соңғы_координаттар = келесі_координаттар
15 ЦИКЛ соңы
16

```

Сурет 3.6 – Кинематикалық жұп кеңістігінде траектория жоспалайтын басқару алгоритмі

Алгоритмнің жұмысын келесідей сипаттауға болады:

1. мақсатты бұрыштарын инициализациялау: манипулятордың қажетті бастапқы және соңғы позициялары координаттармен анықталған, әрбір позиция үшін кері кинематиканың есептеулері сәйкес бастапқы және соңғы жетек бұрыштарын анықтайды;
2. траекторияны жоспарлау: цикл ағымдағы жетек бұрыштары мақсатты соңғы бұрыштарына сәйкес келгенше қайталанады, осы цикл ішінде трапеция тәрізді траектория нақты уақыт қадамы үшін есептеледі;
3. басқару сигналдарын шығару және жетек бұрыштарын өлшеу: есептелген жетек бұрыштары сервожетек үшін басқару сигналдарына түрлендіріледі, жетектерге сигналдар берілгеннен кейін жүйе аналогты-сандық түрлендіргіштерді пайдаланып нақты жетек бұрыштарын өлшейді;
4. деректерді жіберу: бүкіл процесс барысында жүйе деректерді, соның ішінде есептелген және нақты жетек бұрыштарын және орналасу координаттарын компьютерге жібереді, бұл тәжірибе кезінде ақпаратты сақтап, сосын талдауға мүмкіндік береді;
5. келесі тапсырмаға дайындық: қажетті соңғы позицияға жеткенде манипулятор өз жұмысын үздіксіз циклде жалғастыра отырып, координаттардың келесі жиынтығына дайындалады.

3.3.2 Тапсырма кеңістігіндегі траектория алгоритмі

Керісінше, тапсырма кеңістігіндегі траектория алгоритмі манипулятордың жетек бұрыштарына емес, жұмыс кеңістігіндегі жұмыс мүшесінің координаттарын есептеуге бағытталған. Алгоритм псевдокод ретінде 3.7-суретте көрсетілген.

```

1 ЦИКЛ
2 бастапқы_координаттар
3 соңғы_координаттар
4 ЦИКЛ егер ! (қазіргі_координаттар = соңғы_координаттар)
5 қазіргі_координаттар = трапециялық_траектория (қазіргі_уақыт)
6 қазіргі_бұрыштар = кері_кинематика (қазіргі_координаттар)
7 сигнал_ұзақтығы = бұрышты_импульсқа (қазіргі_бұрыштар)
8 серво_қосу (сигнал_ұзақтығы)
9 ацп_өлшемдері = ацп_өлшеу (ацп_кірістері)
10 шынайы_бұрыштар = ацп_бұрышқа (ацп_өлшемдері)
11 ақпарат_жіберу (қазіргі_бұрыштар, шынайы_бұрыштар, қазіргі_координаттар)
12 ЦИКЛ_соңы
13 бастапқы_координаттар = соңғы_координаттар
14 соңғы_координаттар = келесі_координаттар
15 ЦИКЛ_соңы
16

```

Сурет 3.7 – Тапсырма кеңістігінде траектория жоспралайтын басқару алгоритмі

Алгоритмді келесідей сипаттаса болады:

1. мақсатты координаттарды инициализациялау: манипулятордың қажетті бастапқы және соңғы координаттары анықталады;
2. траекторияны жоспарлау: цикл жұмыс мүшесі мақсатты орнына жеткенше уақыттың әр сәті үшін координаттарды есептейді;
3. жетек бұрыштарын анықтау: жұмыс мүшесінің әрбір есептелген позициясы үшін кері кинематика осы позицияға жету үшін қажетті жетек бұрыштарын анықтайды;
4. басқару сигналдарын шығару және жетек бұрыштарын өлшеу: есептелген жетек бұрыштары сервожетек үшін басқару сигналдарына түрлендіріледі, жетектерге сигналдар берілгеннен кейін жүйе аналогты-сандық түрлендіргіштерді пайдаланып нақты жетек бұрыштарын өлшейді;
5. деректерді жіберу: бүкіл процесс барысында жүйе деректерді, соның ішінде есептелген және нақты жетек бұрыштарын және орналасу координаттарын компьютерге жібереді, бұл тәжірибе кезінде ақпаратты сақтап, сосын талдауға мүмкіндік береді;
6. келесі тапсырмаға дайындық: қажетті соңғы позицияға жеткенде манипулятор өз жұмысын үздіксіз циклде жалғастыра отырып, координаттардың келесі жиынтығына дайындалады.

3.4 Машиналық көру тақшасын оқыту


Объектілерді сұрыптап анықтауға арналған MaixDuino әзірлеу тақтасына арналған YOLOv2 моделін оқыту әдістемесі оңтайлы өнімділікке қол жеткізу үшін негізгі параметрлер мен конфигурацияларды біріктіретін жүйелік тәсілді қамтыды. Оқу процесінде мәліметтер жиынтығының өлшемдері, оқу дәуірлерінің саны және модельді оқытуда қолданылатын нақты конфигурациялар ескерілді.

Модельді оқытудың негізгі ортасы ретінде Sipeed ұсынған MaixHub платформасы пайдаланылды. MaixHub-та онлайн оқыту қызметін пайдалану

арқылы оқыту процесі жеңілдетілді, бұл жасанды интеллект деңгейі әртүрлі пайдаланушылар үшін қолжетімділікті қамтамасыз етеді.

Оқу деректерінің жиынтығы үш түрлі кәмпиттің әртүрлі визуалды сипаттамаларын көрсететін суреттердің кең жиынтығынан тұрды. Суреттер MaixDuino камерасынан да, смартфон камераларынан да алынды, бұл нақты жағдайлардың әртүрлі көрінісін алуға мүмкіндік берді.

Деректер жиынтығы бірнеше оқу сессияларында итеративті түрде кеңейтілді. Алғашқы оқытуларда 276 кескін жиынтығы қолданылды, келесі сессияларда ол 307, 471 және 681 кескіндерге дейін өсті. Мұндай біртіндеп кеңейту модельдің әртүрлі жағдайларға бейімделуін арттыруға бағытталған. Аннотацияланған мәліметтер жиынтығының мысалы 3.8-суретте келтірілген.



Сурет 3.8 – Жүктелген және аннотацияланған деректер жиынының суреттері [114]

Оқыту сеанстары деректер жинағы бойынша толық өту болып табылатын дәуірлерде өткізілді. Модельдің өнімділік динамикасы әр түрлі оқу сессияларында 100 және 200 дәуірлерде байқалды. Бұл деректер жиынтығының әртүрлі өлшемдері мен конфигурацияларында модельдің оңтайлы конвергенция нүктесін анықтауға мүмкіндік берді.


Кәмпиттің ең кіші көрінетін аймағын анықтайтын шектеу жиектемелерінің минималды мөлшері оқу процесінде жүйелі түрде өзгертілді. Вариациялар модельді оқыту процесінде объект анықтаудың қажетті өлшемдерін көрсететін 5 және 10 пиксель жиектерінің минималды параметрлерді қамтыды.

Модельдің тиімділігі валидация жиынтығының accuracy, loss, validation set accuracy көрсеткіштері бойынша бағаланды. Орташа дәлдікті білдіретін accuracy оқу процесінде модельдің конвергенциясын бағалауға мүмкіндік береді. Маңызды метрика болып табылатын validation set accuracy модельдің бұрын

зерттелмеген мәліметтердегі болжамды мүмкіндіктері туралы түсінік береді, бұл оны жалпы тиімділігін жан-жақты бағалауға ықпал етеді.

Жоғарыда сипатталған әдістеме MaixDuino тақтасында YOLOv2 моделін оқытудың құрылымдық негізін жасайды. Әртүрлі көлемдегі және деректер жиынының конфигурацияларындағы модель тиімділігінің өзгеруінің динамикасын сипаттау арқылы жүргізілген оқытулардың нәтижелері ашылады.

276 кескін деректер жинағындағы бірінші оқыту сессиясында модель қанағаттанарлық конвергенцияны көрсетті. Validation set accuracy 60-шы дәуірде 0,84848-ге жетті, loss 0,00374 және accuracy 0,30926 болды. Бұл жерде маңыздысы, бұл сессия модельдің мінез-құлқы туралы түбегейлі түсінік алуға және кейінгі жетілдірулерге негіз қалауға мүмкіндік берді. Оқыту нәтижелері 3.9-суретте көрсетілген.



Сурет 3.9 – Бірінші оқыту сессиясының нәтижелері [114]

Екінші оқу сессиясы 276 кескін деректер жиынының өлшемін сақтай отырып, бірақ дәуірлердің санын 200-ге дейін ұлғайтып, объект жиектерінің минималды өлшемін 5 пиксельге дейін азайта отырып, validation set accuracy айтарлықтай жақсарғанын көрсетті. Validation set accuracy 80 – ші дәуірде 0,93939-ға дейін өсті, loss 0,00216, бірақ accuracy төмендеп, 0,19397 болды. Бұл түзетулер модельдің болжамды мүмкіндіктерін айтарлықтай арттырды. Оқыту нәтижелері 3.10-суретте көрсетілген.



Сурет 3.10 – Екінші оқыту сессиясының нәтижелері [114]

307 сурет пен 200 оқу дәуірінен тұратын кеңейтілген деректер жиынтығы үшінші сессияда сенімді нәтижелерге қол жеткізді. Validation set accuracy 120 дәуірінде 1,0 - ге жетті, loss 0,00113 және accuracy 0,20896 болды. Деректер жиынтығының ұлғаюы модельді әмбебаптандыруға ықпал етті. Оқу нәтижелері 3.11-суретте көрсетілген.



Сурет 3.11 –Үшінші оқыту сессиясының нәтижелері [114]

Төртінші оқу сессиясы 471 оқу кескіндерін қамтыды және 200 дәуір ішінде объект жиектерінің ең аз 10 пиксель өлшемі таңдалды. Модель 60 дәуірінде accuracy 0,24744, loss 0,00735 және validation set accuracy 1,0 көрсеткіштерін берді. Деректер жиынтығының кеңеюі модельдің дәлдігінің артуына әкелді. Оқыту нәтижелері 3.12-суретте көрсетілген.




Сурет 3.12 – Төртінші оқыту сессиясының нәтижелері [114]

681 суреттен тұратын мәліметтер жиынтығын қолданған бесінші, соңғы оқыту сессиясы дәлдіктің айтарлықтай жақсарғанын көрсетті. Validation set accuracy 100 дәуірінде 1,0-ге жетті, accuracy 0,38923 және loss 0,0036 болды. Бұл кеңейтілген деректер сеансы жүргізілген оқытулар арасында ең дәл болып шықты. Оқыту нәтижелері 3.13-суретте көрсетілген.



Сурет 3.13 – Бесінші оқыту сессиясының нәтижелері [114]

Бұл жиынтық нәтижелер YOLOv2 моделінің оқыту сеанстарында біртіндеп жетілгенін көрсетеді, бұл деректер жиынтығын кеңейту және оңтайлы параметрлерді таңдау кезінде дәлдіктің өсуін көрсетеді. Ең үлкен деректер жиынтығымен сипатталатын бесінші оқу сессиясы нақты жағдайларға оңтайлы өнімділікті көрсете отырып, ең сәтті болды. Объект анықтау мысалдары 3.14-суретте келтірілген.



Сурет 3.14 – Үш түрлі дәмді Halls кәмпиттерін тану нәтижесі (а – forest berries, ә – honey and lemon, б – original) [114]

3.5 Үшінші тараудың қорытындылары

Қорытындылай келе, бұл тарауда манипулятордың архитектурасына ерекше назар аудара отырып, аддитивті технологияларды қолданып шығарылған компоненттерді пайдалана отырып, манипуляторды әзірлеу және басқару жүйесінің дизайны толығымен сипатталған. Баршаға ашық манипулятор жобасын пайдалану және оңай қол жетімді материалдарды қолдану арқылы EEZYbotDELTA манипуляторы құрастырылды.

Arduino Uno платформасы PCA9685 драйвер тақтасымен бірге сервожетектерді басқарудың үнемді және тиімді шешімі ретінде пайдаланылды. Трапеция тәрізді жылдамдық профилін қамтитын траекторияны жоспарлау алгоритмі роботтың алу және орналастыру операцияларындағы негізгі функциясы үшін қажетті жатық және тиімді қозғалыстарды орындауға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, YOLOv2 моделін MaixDuino тақтасында объектілерді анықтау тапсырмаларын орындауға оқыту машиналық көруді роботтық жүйелерге біріктіру мүмкіндіктерін көрсетті, осылайша олардың автономды мүмкіндіктері мен сұрыптау функционалдығын арттырады. Деректер жиынын кеңейту және параметрлерді оңтайландыру арқылы дәйекті жаттығулар кезінде модельдің өнімділігін біртіндеп арттыру роботтық функционалдылықты дамытудағы машиналық оқыту технологияларының маңызды әлеуетін көрсетеді.

Бұл тарау 3D басып шығарылған бөлшектері мен қол жетімді электронды компоненттері бар дельта манипуляторын жасаудың орындылығын көрсетіп қана қоймай, сонымен қатар көру қабілетіне негізделген тапсырмаларды орындау үшін машиналық оқытудың сәтті интеграциясын көрсетті.

4 ТӘЖІРИБЕЛЕР МЕН НӘТИЖЕЛЕР

4.1 Траектория жоспарлау және кинематика алгоритмдерін тәжірибе жүзінде тексеру


4.1.1 Тәжірибелеу алгоритмі

Траекторияны жоспарлау, кері және тура кинематика алгоритмдері басқару жүйесінде жүзеге асырылды. Есептеулер мен өлшеулер 100 Гц жиілікте жүргізілді.

Әрбір циклде микроконтроллер кинематикалық жұп кеңістігінде траекториясын белсенді иықтардың бастапқы және соңғы бұрыштары бойынша есептеді, ал жұмыс мүшесінің есептелген координаттары тура кинематика көмегімен анықталды. Сондай-ақ, үш потенциометрдің кернеулері өлшенді және осы кернеулер арқылы белсенді иықтардың нақты бұрыштары анықталды. Кері кинематика көмегімен жұмыс мүшесінің нақты координаттары анықталды. Әрбір циклдегі барлық деректер дербес компьютерге тасымалданды.


Тапсырма кеңістігінің траекториясына арналған эксперименттер дәл осылай жүргізілді. Жалғыз айырмашылығы, траектория жұмыс мүшесінің бастапқы және соңғы координаттары арқылы есептелді, ал белсенді қолдардың есептелген позициялары кері кинематика арқылы анықталды.

3.2-бөлімде көрсетілген потенциометр сигналдары статикалық күйде алынды. Потенциометрлерден алынған сигналдар шуылдармен бірге жүреді. Дұрыс нәтижеге қол жеткізу үшін төмен жиілікті Butterworth сүзгісі пайдаланылды, өйткені бұл сүзгі максималды тегіс магнитудалы сүзгі ретінде белгілі және қозғалысты талдау үшін ең жиі қолданылатын сүзгілердің бірі болып табылады. Сүзгінің шекаралық жиілігін анықтау үшін python ортасында scipy fftpack модулі көмегімен сигналға спектрлік талдау жүргізілді (4.1-суретте көрсетілген).



Сурет 4.1 – Потенциометрлер сигналының спектрлік талдауы

Алынған спектрге сүйене отырып, шуылдардың жиілігі 10 Гц-тен жоғары деген қорытынды жасауға болады. Бұл жиілік сүзгінің шектік жиілігі ретінде пайдаланылды. Сигналды сүзу Python ортасында scipy пакетінің signal модулі көмегімен орындалды. Белсенді қолдардың біріне арналған бастапқы және сүзгіленген сигнал 15-суретте көрсетілген.




Сурет 4.2 – Бастапқы (үзік сызық) және сүзгіленген (нүктелі сызық) потенциометр сигналдары

Бұл процедура потенциометрлерден алынған активті иықтың бұрыштық орналасуының барлық деректері үшін жүргізілді.


4.1.2 Кинематкалық жұп кеңістігіндегі траектория

4.3-суретте үш өлшемді көріністе кинематкалық жұп кеңістігіндегі есептелген және тәжірибелік траекториялары көрсетілген.




Сурет 4.3 – Кинематкалық жұп кеңістігіндегі траекториялар: модельденген (көк сызық), тәжірибелік (қызыл сары)

4.4-суретте модельденген және тәжірибелік белсенді иық бұрыштары арасындағы қателер көрсетілген. Барлық деректер бойынша орташа қате $0,09^\circ$ құрады.



Сурет 4.4 – Бұрыштық қате: θ_1 (көк), θ_2 (қызғылт сары) және θ_3 (жасыл)


4.5-суретте үш координата бойынша орналасу қателері және абсолютті қате көрсетілген. Абсолютті қатенің орташа мәні 2,238 мм болды.



Сурет 4.5 – Позациялық қате: X (көк), Y (қызғылт сары), Z (жасыл) және абсолютті (қызыл)


4.1.3 Тапсырма кеңістігіндегі траектория

4.6-суретте үш өлшемді көріністе тапсырма кеңістігінің есептелген (модельденген) және тәжірибелік траекториялары көрсетілген.




Сурет 4.6 – Тапсырма кеңістігіндегі траекториялар: модельденген (көк сызық), тәжірибелік (қызғылт сары)

4.7-суретте үш координатаның орналасу қателері және абсолютті қате көрсетілген. Абсолютті қатенің орташа мәні 2,199 мм құрады.



Сурет 4.7 – Позициялық қате: X (көк), Y (қызғылт сары), Z (жасыл) және абсолютті (қызыл)

4.8-суретте модельденген және тәжірибелік белсенді иық бұрыштары арасындағы қателер көрсетілген. Барлық деректер бойынша орташа қате $0,11^\circ$ құрады.



Сурет 4.8 – Бұрыштық қате: θ_1 (көк), θ_2 (қызғылт сары) және θ_3 (жасыл)

Осы тәжірибелердің нәтижелері орташа бұрыштық қате тапсырма кеңістігіндегі траектория үшін жоғары, ал орташа позициялық қате кинематикалық жұп кеңістігі үшін жоғары болатынын көрсетті.

4.1.4 Пайдалы жүктемемен жүргізілен тәжірибе

Құрастырылған манипулятордың жүктеме көтеру қабілетін бағалау үшін жылжымалы платформаға бекітілген әртүрлі нысандармен сынақтар жүргізілді. Пайдаланылған заттар Halls кәмпиттері, 18650, 21700 литий ионды аккумуляторлар және 18650 аккумуляторлық батареялар болды. 4.1-кестеде сынақтар үшін пайдаланылған объектілердің тізімі көрсетілген.


Кесте 4.1 – Қолданылған объектілердің тізімі

N	Объектінің аты	Өлшемдері, мм	Салмағы, г
1	Halls кәмпиттері	18x18x90	27
2	18650 li-ion аккумуляторы	18x18x65	50
3	21700 li-ion аккумуляторы	21x21x70	70
4	2s 18650 батареясы	36x18x65	100
5	4s 18650 батареясы	36x36x65	200

Сынақтар кезінде манипулятор 200 г-ға дейінгі жүктемемен көтеру және орналастыру қозғалыстарын жасады. Манипулятордың бүкіл құрылымының


салмағы 1107 г, осылайша, манипулятор массасы өзінің 18,2% құрайтын объектілерді көтеріп орналастыра алады.

4.9-суретте 200 г жүкпен орындалған кинематикалық жұп кеңістігіндегі траекторияның тәжірибелік белсенді иық бұрыштарының қателері көрсетілген. Барлық деректер бойынша орташа қате $0,104^\circ$ (жүксізге қарағанда +12,1%) құрады.




Сурет 4.9 – Бұрыштық қате (жүкпен): θ_1 (көк), θ_2 (қызғылт сары) және θ_3 (жасыл)

4.10-суретте жүкпен орындалған кинематикалық жұп кеңістігіндегі траекторияның тәжірибелік позиция қателері көрсетілген. Абсолютті қатенің орташа мәні 2,832 мм (жүксізге қарағанда +26,5%) құрады.




Сурет 4.10 – Позициялық қате (жүкпен): X (көк), Y (қызғылт сары), Z (жасыл) және абсолютті (қызыл)

4.11-суретте жүкпен орындалған тапсырма кеңістігіндегі траекторияның тәжірибелік белсенді иық бұрыштарының қателері көрсетілген. Барлық деректер бойынша орташа қате $0,13^\circ$ (жүксізге қарағанда $+19,7\%$) құрады.



Сурет 4.11 – Бұрыштық қате (жүкпен): θ_1 (көк), θ_2 (қызғылт сары) және θ_3 (жасыл)

4.12-суретте жүкпен орындалған тапсырма кеңістігіндегі траекторияның тәжірибелік позиция қателері көрсетілген. Абсолютті қатенің орташа мәні $2,403$ мм (жүксізге қарағанда $+9,2\%$) құрады.



Сурет 4.12 – Позициялық қате (жүкпен): X (көк), Y (қызғылт сары), Z (жасыл) және абсолютті (қызыл)

Жүкпен жүргізілген тәжірибелер кинематикалық жұп және тапсырма кеңістіктеріндегі траекториялардың арасындағы айырмашылықты одан әрі анық көрсетті. Яғни, жүк қосқанда, кинематикалық жұп кеңістігіндегі траекториясында орташа позициялық қате орташа бұрыштық қатеге қарағанда

шұғыл өседі, ал тапсырма кеңістігіндегі траекториясында орташа бұрыштық қате орташа позициялық қатеге қарағанда шұғыл өседі.


4.1.5 Траектория жоспарлаудың гибриді әдісі

Жүргізілген тәжірибелердің нәтижелерін талдап, екі түрлі кеңістіктердегі траекториялардың артықшылықтары мен кемшіліктерін ескере отырып, траектория жоспарлаудың жаңа гибриді әдісі жасалды.

Гибриді әдіс бір алып-қою операциясының ішінде траекторияны 4 сегментке бөліп, екі сегмент үшін бір кеңістікте, ал қалған екі сегмент үшін екінші кеңістікте траектория жоспарлайды.

Қозғалыстың бастапқы нүктеден жүк алу нүктесіне және жүкті қойғаннан кейінгі бөлікте (4.13-сурет – 1,4) кинематикалық жұп кеңістігіндегі траектория, ал жүкті алғаннан қойғанға дейінгі бөлікте (2,3) тапсырма кеңістігіндегі траектория қолданылады.


Жасалған әдіс жүк тасымалы жүргізілмейтін сегментте кинематикалық жұп кеңістігінде траектория жоспарлау арқасында, қозғалысты тез және жетектердің толық мүмкіндіктерін қолдануға мүмкіндік береді, ал жүк тасымалданатын сегменттерде тапсырма кеңістігінде траектория жоспарлау арқасында жұмыс мүшесінің дірілін азайтады.



Сурет 4.13 – Гибриді әдістің 3D көрінісі


Гибриді әдіспен 200 г жүктемемен тәжірибелер орындалды.

4.14-суретте жүкпен орындалған траектория жоспарлаудың гибриді әдістің тәжірибелік белсенді иық бұрыштарының қателері көрсетілген. Барлық деректер бойынша орташа қате $0,113^\circ$ құрады, бұл тапсырма кеңістігіндегі (жүкпен) орташа қатеден 13,1% кем болды.



Сурет 4.14 – Гибриді әдістің бұрыштық қателері (жүкпен): θ_1 (көк), θ_2 (қызғылт сары) және θ_3 (жасыл)

4.15-суретте жүкпен орындалған траектория жоспарлаудың гибриді әдістің тәжірибелік позициялық қателері көрсетілген. Абсолютті қатенің орташа мәні 2,351 мм құрады, бұл кинематикалық жұп кеңістігіндегі (жүкпен) орташа қатеден 17% кем болды.



Сурет 4.15 – Гибриді әдістің позициялық қателері (жүкпен): X (көк), Y (қызғылт сары), Z (жасыл) және абсолютті (қызыл)

4.2-кестеде барлық қолданылған траекторияны жоспарлау әдістерінің бұрыштық және позициялық қателіктері келтірілген.


Кесте 4.2 – Эксперименттік нәтижелерді салыстыру

Трактория кеңістігі	Кинематикалық жұп	Тапсырма	Кинематикалық жұп (жүкпен)	Тапсырма (жүкпен)	Гибридті (жүкпен)
Бұрыштық қате	0,093°	0,11°	0,104°	0,13°	0,113°
Позициялық қате	2,238 мм	2,199 мм	2,832 мм	2,403 мм	2,351 мм

4.1.6 Манипулятордың жұмыс кеңістігін анықтау

Жиналған манипулятордың жұмыс мүшесін орналастыруға болатын аумақты анықтау үшін оның жұмыс кеңістігі есептелді. Есептеулер тура кинематиканың теңдеулері көмегімен Python бағдарламасында жүзеге асырылды, ал визуализация үшін Python matplotlib модулі қолданылды.

4.16-суретте манипулятордың биіктігі шамамен 175 мм және диаметрі шамамен 300 мм болатын конустық пішінді жұмыс кеңістігі көрсетілген.



Сурет 4.16 – Манипулятордың жұмыс кеңістігі

Z осінің түрлі мәндері үшін жұмыс кеңістігінің диаметрлері 4.3-кестеде көрсетілген.

Кесте 4.3 – Жұмыс кеңістігінің өлшемдері

Z, mm	Диаметр, мм
-100	314
-120	320
-140	310
-160	296
-180	280
-200	254
-220	224
-40	186
-260	134
-280	52

4.2 Нәтижелерді талқылау және нарықтағы шешімдермен салыстыру

Манипулятордың өнімділігін бағалау үшін кинематикалық жұп кеңістігі мен тапсырма кеңістігінің траекториясын есептеумен тәжірибелер жүргізілді. Тәжірибелер барысында робот "алып-қою" операцияларын орындады. Қозғалыстың жалпы ұзақтығы 2 секундқа орнатылды, бұл секундына 0,5 операция жылдамдығына сәйкес келеді. Тәжірибелік деректерді алу үшін сервожетектерге орнатылған потенциометрлердің сигналдары пайдаланылды. Сондай-ақ, жұмыс кеңістігін есептеу және визуализациялау Python және matplotlib модулінің көмегімен жүзеге асырылды.

Тәжірибелер нәтижесінде жұмыс мүшесінің абсолютті сызықтық жылдамдықтары кинематикалық жұп кеңістік траекториясы үшін 404 мм/с және тапсырма кеңістігі үшін 391 мм/с-қа жетті, жүксіз қозғалыс кезінде абсолютті орналасу қателері сәйкесінше 2,238 мм және 2,199 мм, ал орташа бұрыштық қателер сәйкесінше 0,093° және 0,11° болды. Жүк қосылған қозғалыс кезінде абсолютті орналасу қателері кинематикалық жұп және тапсырма кеңістіктеріндегі траекториялар үшін сәйкесінше 2,832 мм және 2,403 мм, ал орташа бұрыштық қателер сәйкесінше 0,104° және 0,13° болды.

Сондай-ақ, құрастырылған манипулятордың жүк көтеру қабілетіне сынақтар жүргізілді. Манипулятор 200 г дейінгі жүктемемен алу және орналастыру қозғалыстарын орындай алды, бұл өз салмағының 18,2% құрайды.

Жүкпен қозғалыс кезіндегі позициялық және бұрыштық қателерді жүксіз қозғалысы кезіндегі қателерге мүмкіндігінше жақындату үшін екі кеңістіктегі траектория жоспарлаудың гибриді әдістің алгоритмі жасалды. Гибриді әдіспен жүргізілген тәжірибелердің нәтижесінде орташа позициялық қате 2,351 мм, ал бұрыштық қате 0,113° болды.

Манипулятордың жұмыс кеңістігі дельта манипуляторы үшін дәстүрлі конустық пішінге ие және оның өлшемдері биіктігі 175 мм және диаметрі 300 мм болды.

4.4-кестеде құрастырылған манипулятордың көрсеткіштері коммерциялық шешімдермен салыстырылады.

Кесте 4.4 – Жасалған жүйені нарықтағы шешімдермен салыстыру

Модель	Дәлдік, мм	Жұмыс кеңістігі, мм × мм	Жүк, кг	Манипулятор салмағы, kg	Жүк пен салмақ қатынасы, %	Минутына операциялар (PPM)	Құны, USD	1 USD үшін PPM	Машиналық көру
Warsonco WSC-600DJ [115]	0.02	600 × 250	3	40	7.5	180	7 519 бастап	0.024	Жоқ
igus DLE-DR-0005 [116]	0.5	360 × 120	1	15	6.7	60	5 598	0.01	Жоқ
Delta X 1 [117]	0.2	340 × 150	0.5	3.5	14.3	Белгісіз	399	Белгісіз	Жоқ
Жасалған	2.3	300 × 175	0.2	1.1	18.2	30	95	0.49	Иә

